



МЕДИЦИНА
АУЫЛ ХАЛҚЫНА
БЕТ БҰРДЫ

3-бет



ШАҢЫРАҚ
ШАЙҚАЛМАСЫН ДЕСЕК...

6-бет



ТАМҰҚТАН
ЖЕТКЕН ҮН

8-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

«XXI ҒАСЫР – АЗИЯ ҒАСЫРЫ»



ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары жөніндегі кеңестің VI саммиті өтуде. Жиынның алғашқы күні мемлекет басшысы саммитке қатысушы мемлекеттердің басшыларына ризашылығын білдіріп, АӨСШК көпжақты ынтымақтастық платформасы мен халықаралық заманауи дипломатия институтына айналғанын айтты.

Әлемдегі геосаяси ахуалға алаңдаушылық білдіріп: «Бүгін біз бұрын-соңды болмаған геосаяси шиеленіс пен әлемдік экономикадағы күшейе түскен дағдарыс жағдайында өмір сүріп жатырмыз. Бұл құбылыс қазірдің өзінде «жаһандық дисфункция» деп аталды. АӨСШК-тің бұған дейінгі 2019 жылы өткен саммитінен бері әлемдік қоғамдастық ауыр сынақтарды бастан өткерді. Оның салдары жаһандық дамуға әлі де әсер етіп отыр. Менің ойымша, біздің алдымызда тұрған ерекше маңызды міндет – туындаған зор қауіп-қатерлер жағдайында халықаралық қатынастардағы тұрақтылыққа

қол жеткізу. Көпжақты механизмдерге тың серпін беру және ашық диалогқа оралу аса маңызды», – деді.

Қ.Тоқаевтың пайымдауынша, Азия адамзат өркениетінің дамуына зор үлес қосты. Мыңдаған жылдар бойы біздің макроөңірдегі мемлекеттер бүкіл адамзаттың қоғамдық, мәдени, технологиялық дамуының негізгі қозғаушы күші болды.

– XXI ғасыр Азия ғасыры болады деген болжам бүгінде шындыққа айналды. Азия номиналды жалпы ішкі өнім мен сатып алу мүмкіндігі бойынша әлемдік экономикалық көшбасшы ретінде мойындалды. Аймақ айтарлықтай адами

және табиғи ресурстарға ие. Әлемдегі ең ірі 30 қаланың 21-і Азияда орналасқан. 2030 жылға қарай орта таптың қажетіне жұмсалатын 30 триллион доллардың тек 1 триллион доллары батыс экономикасына тиесілі болмақ. Дегенмен Азияның болашағы мәдениеттер, дәстүрлер мен дүниетанымдар арасындағы диалогты нығайтуға ұжымдық дайындығымызға байланысты. АӨСШК-ті дамыту үшін қабылданған қадамдар осы мақсатқа сай келетініне сенімдімін, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев жиын барысында.

(Соңы 3-бетте)

СҰЛТАН САРТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ

САРАБДАЛ ЗАҢҒЕР, САЛИҚАЛЫ ЗАҢТАНУШЫ

Қазақтың заңтану ғылымында айрықша орын алатын академик Сұлтан Сартаевтың осынау мерейтойы тұсында қолымызға қалам алып толғанғанда, Қазақстандағы заң саласының негізін салушылардың бірі ғана емес, бірегейі дейтіндей тұлғаның сан қырлы еңбегіне, мүмкіндігінше, әділ және нақты баға беріп, орнын айқындауға келгенде, оның жауапкершілігін сезініп, тайсақтап қалатынымыздың да жөні бар шығар. Әрине, соншалық асқақ, атағы алысқа кеткен заң корифейінің орнын тану әркімге де жауапкершілік артары сөзсіз.

Бірден айтатынымыз, Сұлтан Сартайұлының белсенді заңгерлік қызметі Қазақстанның ежелден ата-бабаларымыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп, енді толыққанды мемлекет ретінде алғашқы қадамдарын жасап, тәй-тәй басқан аса жауапты кезеңдерімен тұспа-тұс келді. Ақиқатын айтуымыз керек, бұл тұстарда, ел билігіне қандай жауапкершілік жүктелсе, еліміздің заң саласының Сұлтан Сартайұлы тектес жетекші тұлғаларының иықтарына да соншалық зылбатпан жүк түскендігі анық. Өйткені, мықты мемлекеттің, ең алдымен, сүйенер тірегі – заң екені бұлжымайтын ақиқат. Міне, осы мемлекеттілігіміздің тұғыры айқындалар тұста Сұлтан Сартаев, Салық Зиманов секілді еліміздің ең беделді заңгерлері елдің төрт аяғын тең басып, алға басуына қомақты үлес қосты. Жалпы, елімізде заңтану саласының негізі қаланып, іргелі ғылыми тұрғыда қарыштап дамуында, біздіңше, осы екі ғалымның еңбегі айрықша. Сондықтан да, халқымыз үшін қадірлі осы екі есімнің, көбінесе, қатар аталуы заңдылық сияқты. Бұл екі тұлға өмірге қатар келген тұрғыластар болғандықтан, екеуі екі түрлі топырақтан шығып, әртүрлі тағдыр

жолын кешкенімен, олар республикадағы заңнама саласының ең жауапты тұсында қызметке қатар келіп қана қойған жоқ, бұл бағыттағы елдің негізгі міндет – ауыртпалықтарын иықтарына бірге іліп, сан тараулы қиындық-кедергілерден бір-бірін қолдап, сүйеу бола білді.

Сұлтан Сартайұлы ең алдыңғы кезектегі мемлекеттік маңызды міндеттерді шешуге белсенді атсалыса жүріп, республикамыздағы әлеуметтік саяси маңызды заң жобаларын жасауға қатысқан аса ірі заңтанушы-ғалым, академик, еліміздің көрнекті қайраткері. Елімізде «Тілдер туралы» заңның, 1990 жылдың 25 қазанында қабылданған «Қазақ ССР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» Декларацияның, 1990 жылдың 24 сәуірінде қабылданған «Қазақстан Республикасында Президент қызметін тағайындау туралы», 1991 жылдың 16 желтоқсанындағы «Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңның, сондай-ақ, «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңдардың жетекші авторларының қатарында болды. 1993 жылдың 28 қаңтарында қабылданған егеменді Қазақстанның тұңғыш Конституциясының басты ав-

торларының бірі. Сондай-ақ, «Жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы», «Миграция туралы» заң жобаларын жасайтын жұмыс тобының құрамына енді.

Әрине, жалпы алғанда, С.Сартаевтың заңнамалық ел тұғырын бекітудегі еңбектері ертерек басталған болатын. Бұл еңбектерін саралау үшін шегініс жасауға тура келеді, сонау 1961 жылы Қазақ ССР-нің Қылмыстық, Қылмыстық процессуалдық, Азаматтық және Азаматтық процессуалдық кодекстерін, «Тілдер туралы», «Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы» заңдарды жасауға белсенді түрде атсалысқан заңгер. Осындай қажырлы еңбек, белсенді қызметімен тұлғалық деңгейге көтерілген Сұлтан Сартайұлы 1990 жылдан бастап Президенттік кеңес мүшесі ретінде еліміздің тоғыз жетекші ғалымымен біріге отырып, жоғарыда аталған мемлекеттік маңызы жоғары құжаттардың заң жүзінде бекуіне зор еңбегін сіңірген болатын. Ал бұл құжаттардың маңыздылығы сол, олар егеменді және тәуелсіз мемлекетіміздің әрі қарай ілгерілеп, қарыштап дамуына сара жол ашты.

Әрине, осыншалық биік деңгейдегі ел тұлғасын тереңірек тану үшін, оның бастау алар бұлағына бойлап, түп-тамырына көз жіберуге тура келеді. Сұлтан Сартайұлы дүйім қазақ жұртының тал бесігі, қасиетті Қызылорда өңірінің перзенті. Жаңақорған ауданының, осы аттас ауылында, 1927 жылы, 15 қазанда қарапайым отбасында дүниеге келген Сұлтан Сартайұлы үлкен академик ғалымның әуелгі қадамдарына зер салып отырсақ, тағдыр оны мүлде өзгеше арнаға салып жібере жаздапты, егер, жас бозбаланың өз мақсат-мүддесі жолындағы табандылығы болмаса, халқымыз таныған білікті заңгер тұлғасының ғұмыр белестері қай қияға бастап алып баратынын кім білсін?!

Сонау 1944 жылы, Екінші дүниежүзілік соғыс жүріп жатқанда, Қызылорда облысынан 150 жасөспірім Ресейдің Горький қаласына металлургтер даярлау курсына оқуға жіберіледі. Мақсат – Қарағанды металлургия саласына жедел түрде мамандар даярлау болған. Міне, осы топ құрамына жас бозбала Сұлтан ілігіпті.

(Соңы 5-бетте)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Кәмшат САДУАҚАСОВА, Қызылорда облысы, Арал аудандық сотының төрағасы:

«ЖҰМЫСТЫҢ АЛҒА БАСУЫ ҰЖЫМНЫҢ БІРЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ»

– Аудандық соттардың бүгінгі тыныс-тіршілігі қалай? Үлкен мінберлерде айтылып, көрсетілетін заманауи игіліктерден иет қалған жоқ па?

– Еліміздің сот жүйесі үшін соңғы жылдар тынымсыз ізденістер мен батыл бетбұрыстарға толы болды. Сот жұмысын ілгерілету мақсатында түрлі пилоттық жобалар, заңнамалық жаңашылдықтар, сондай-ақ, заманауи электронды технологиялық жаңалықтар енгізілді.

Барлық сотқа қойылатын талап – бір, мақсат – ортақ. «Бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып», алға қойған міндеттерді ынтымақ, бірлікпен атқарып отырған отындық соттың жеткен жетістіктері көпшіліктің көз алдында.

(Соңы 4-бетте)

СОТ СӨЙЛЕСІН

Әкімшілік әділет институтының тәжірибеге енгізіліп, қоғамдық қарым-қатынастың бір бөлшегіне айналғанына да бір жылдан асты. Былтыр шілдеден бастап Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс қолданысқа түсіп, жаңа әкімшілік соттар жұмысына кіріскеніне де халық куә. Бір жыл – кез келген бастаманың нәтижесіне байланысты толық пікір қалыптастыруға, ой қорытуға жеткілікті уақыт.

ӘКІМШІЛІК ӘДІЛЕТ ӨЗ ТИІМДІЛІГІН КӨРСЕТТІ

Осы аралықта жүргізілген жұмыстар сот құрылымының кез келген реформаны өз деңгейінде жүргізуге, жаңашылдықты жылдам қабылдауға қабілетті екенін көрсетті. Әсіресе, әкімшілік әділет пен жаңа заңнаманың артықшылықтарын, негізгі басымдықтарын насихаттауда, игілікті шараны халыққа таныстыруда сот саласы біркісідей белсенді жұмыс жүргізді. Бастаманың бірден қолдау табуының негізгі себебі осы ақпараттандыру жұмысының дұрыс жолға қойылуымен байланысты болды. Сонымен бірге, халықтың мүддесін қозғап, елдің сөзін сөйлегендіктен де әкімшілік әділет институты бірден көпшіліктің ықыласына ие болды.

Әкімшілік әділеттің маңызын айтып, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексті дайындауды тапсырған кезде Мемлекет басшысы «Азаматтарымыз жария-құқықтық дауларда көп жағдайда тенсіздік ахуалында қалып жатады. Олардың мүмкіндіктерін мемлекеттік аппараттың ресурстарымен салыстыруға келмейді. Осындай тенсіздіктерді болдырмау мақсатында дауларды шешудің ерекше тетігі ретінде әкімшілік әділет құрылымын енгізу қажет», – деген болатын.

Мемлекеттік органдардың шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) дау айту жөніндегі істер бүгін ғана пайда болған жоқ, бұрын да қаралып келген. Бірақ бұрын, АПК шеңберінде, соттар қабылданған шешімнің, жасалған әрекеттің (әрекетсіздіктің) заңға сәйкестігіне және өкілеттік шегінде қабылданғанына ғана баға беріліп, олардың орындылығын бағалауға құқық болмады. Бұл мәселенің көтерілуіне азаматтардың мемлекеттік органдар жұмысына деген өкпе-ренішінің көбеюі түрткі болғаны анық. Осы тұста елімізде 1000 адамға шаққанда 1,4 жария-құқықтық даудан келген еді. Ал дамыған елдерде 1000 азаматтың орта есеппен 2, кейбір елдерде 5-уі мемлекеттік органның әрекетіне шағым беретін. Шағымды қараудың нәтижесінде де айтарлықтай айырмашылық болды. Мәселен біздің елімізде жария-құқықтық даулардың 86 пайызы мем-

лекеттік органдардың жеңісімен аяқталса, дамыған елдердегі жағдай керісінше сипатта өрбіді.

Мұндай ахуалдың қалыптасуы сәйкесінше қарапайым азаматтардың мемлекеттік мекемелерге ғана емес, сот билігіне деген ренішін туындатқаны ақиқат. Ал әкімшілік әділет институты қолға алынған бір жылдан аса уақыт ішінде жария-құқықтық дауларды қарауда үлкен бетбұрыс орын алды.

Әкімшілік соттар дауларды «мемлекеттік органның кінәлілік презумпциясы» қағидаты бойынша шешетіні белгілі. Мұндай тәсіл жағдайды түбегейлі өзгертетінін тәжірибе барысында байқап отырмыз. Олай дейтініміз, әкімшілік соттардың бір жылдық жұмысын қорытындылаған Жоғарғы Соттың көрсетуінше, мемлекеттік органдар істердің 60% бойынша ұтылған, бұрын бұл көрсеткіш бар болғаны 15% құрайтын. Осының өзі жария-құқықтық даулардағы қарапайым азаматтар құқығының мейлінше қорғалғанының жарқын дәлелі бола алады.

Кез келген бастаманың өз қиындықтары болатыны рас. Бастапқыда әкімшілік соттардың қарауына жататын іс санаттарын, істердің соттылығын анықтауға қатысты көптеген қиындықтар туындады. Жаңа соттар туралы естіген азаматтар жария-құқықтық дауларға қатыссыз арыздарын да қате жолдап жататын. Алайда, үйлесімді, жүйелі жұмыстың нәтижесінде халық Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің табиғатын түсініп, өз құқығын тиімді шешуге қадам жасады.

Сот ісін жүргізудің жаңа қағидаттарының енгізілуі, судьяның белсенді рөлінің белгіленуі соттарға жаңа серпін берді. Осының өзі әкімшілік әділет институтының қоғам талабынан шығып отырғанына нақты дәлел болса керек.

Мәлс ИДИРИСОВ,
Алматы облыстық
мамандандырылған ауданаралық
әкімшілік сотының төрағасы

МЕЖЕ

РЕФОРМАЛАР ОҢ НӘТИЖЕ БЕРДІ

Қазақстанның дамуында Президент жолдауларының рөлі зор. Ең алғашқы жолдау 1997 жылы жасалғаны азаматтардың жадында болар. Содан бері елдің іргесін бекітіп, дамуына серпін беретін басты бағыт-бағдарды нұсқаған 25 құжат Қазақстан тұрғындарына жолданған екен. Стратегиялық маңызы бар бұл жолдаулардың ұсынған бастамасы, көтерген жүгі, берген тапсырмасы сан алуан. Осы нақты бағдардың арқасында мемлекетіміздің дамудың жолынан адаспады, өркениеттің көшінен қалмады. Жолдаулардың сот саласына әкелген жаңалығы да аз емес.

Бүгінгі заманауи технология жетістіктерінің етене қолданысқа түсіп, отандық заңнаманың толықтырылуына, мамандандырылған соттардың енгізіліп, алқабилер сотының тәжірибеге енгізілуіне жолдауларда берілген тараптармалар түрткі болған. Сонымен бірге, сот тәуелсіздігінің нығаюына, судья мәртебесінің артуына, сот әдебіне қатысты мәселенің жолға қойылып, сот сатыларының онтайландырылуына да жолдаудағы соны тапсырмалардың себепші болғаны анық.

Ал биылғы жолдаудың арқалаған жүгі, маңызы мен мәні алдыңғы құжаттардан бір мысқал да кем емес. Керісінше, бұл жолдау тура әлем елдері бейбітшілікті сақтау үшін күресіп, көрші мемлекеттерде қактығыс ошақтары орын алып жатқан тұста елді біріктіруге, халықты ортақ мақсатқа жұмылдыруға қызмет етеді деп сенеміз.

Жолдаудың бесінші бағдары «Заң және тәртіп» деп аталған. Бұл бөлімде құқық қорғау, заң, прокуратура саласын дамытудың ілкімді жобаларымен бірге отандық соттың қызметін мейлінше сапалы етуге ықпал ететін реформалар қарастырылған. Қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажет екенін айтқан Мемлекет басшысы сот корпусына лайықты кадрларды іріктеудің әлі де өзекті екенін алға тартып отыр. Жалпы, бұған дейінгі құжаттарда да судьялықтан үміткерлерді

іріктеудің нақты тетіктерін жасап, сынақтарды күшейту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілгені белгілі. Соның нәтижесінде судьялықтан үміткер жандардың жасына шектеу қойылып, іріктеудің ашық жүргізілуі қолға алынды. Ал ендігі міндет – төраға деген лауазымды алып тастау арқылы барлық судьялардың мәртебесін теңестіру. Бұл судьяларды өзінен жоғары тұрған әріптестеріне тәуелді етпеуге жол ашады.

Сот төрағасы және Сот алқасының төрағасы лауазымына үміткерді судьялар өздері сайлайтын тәсіл енгізілмек. Мұның өзі сот саласындағы жариялылыққа, демократияға мүмкіндік берері талассыз.

Судьялардың дербестігін арттыру үшін Жоғары сот кеңесінің мәртебесін нығайту бағытында да алдағы уақытта үлкен жаңашылдықтар қолға алынбақ. Бүгінде судья кадрларын іріктеудің пәрменді орталығына айналып отырған бұл мемлекеттік органды нақты кадрлық функциялары бар, толыққанды институтқа айналдыру кезек күттірмейді. Сонда бұл құрылым тек судьяларды іріктеп қоймай, қазы болуға үміткерлерді дайындау, біліктілігін көтеру жұмысымен де кең көлемде айналысады.

«Күштік құрылымдар сотқа ықпал етпеуге тиіс. Бұл – өте маңызды. Судьяларға әкімшілік қысым көрсететін амал-тәсілдің бәрі жойылуы керек. Судьялардың қызметіне араласуды шектей отырып, олардың заң бұзғаны үшін жауапкершілігін арттырамыз. Судьяның өрескел қателік жіберген және күшім жойған әрбір сот актісін Қазылар алқасы тексеруге тиіс» деген Президент сөзі де саланың жұмысын ширатуға бірден-бір себеп. Ең бастысы, жолдау жасалды, тапсырма берілді. Енді осы міндеттерді ел игіліне жарайтындай сапалы жүзеге асыру бәрімізге сын.

Гүлім МҰҚАНОВА,
Алматы қалалық мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік сотының
судьясы

ОҢ ҚАДАМ

МЫҚТЫ МАМАНДАР ҰСТАХАНАСЫ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті – мықты мамандардың ұстаханасы. 88 жылдан бері жоғары білім саласының көшбасшысы болып келе жатқан университет мемлекеттің тұтқасын ұстаған, елдің дамуы мен өркендеуінің басында тұрған білімді шәкірт, білікті мамандарымен мақтанады.

Жоғары оқу орындарының альма-матеріне айналған қара шаңырақ заманның жаңашылдықтарынан шет қалмаған. Шетелдің озық білім ордаларының тәжірибесі мен тағылымын назарға ала отырып, заманауи талаптарға сай келетіндер мамандар шоғырын қалыптастыруға барын салып келеді. Мұндай үлкен ізденіс әсіресе, заңгерлерді дайындау кезінде аса қажет. Өйткені, елдің құқықтық кеңістігінің мінсіз қорғалуына, заңның пәрменділігіне, мемлекеттің қауіпсіздігіне қатысты салалардың барлығында жетекші рөл атқаратын заңгерлерді нағыз өз ісінің маманы етіп дайындау үшін теорияны меңгертумен қоса, тәжірибеге де ерекше көңіл бөлу керек. Сонымен бірге, біз елін, жерін сүйетін, ұлтының болашағына алаңдайтын, қоғамдағы өзгерістер мен жаңартуларға селкос қарамайтын мемлекеттің нағыз патриоттарын тәрбиелеуге тиіспіз. Осы мақсатта жақында Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасының мұрындық болуымен заң факультетінің студенттері мен магистранттары арасында «Жолдау – болашаққа жасалған бағдар» деген тақырыпта дөңгелек үстел өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы жолдауы «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» деген тақырып ауқымын қамтыды. Құжаттағы үшінші бағдар «Ел болашағына арналған стратегиялық инвестиция» деп аталып, онда әлеуметтік саланың болашағы, соның ішінде жоғары оқу орындарындағы білімді жетілдіру тетіктері жан-жақты көрсетілген.

Мемлекет басшысы алдағы уақытта жеке білім беру ваучерлерін енгізу жоспарланып отырғанын алға тартты. Бұл не үшін керек? Дөңгелек үстел барысында жастарға жаңа тетіктің қыр-сыры толық айтылды. Жалпы, бұл жаңашылдық балалардың білім алуына инвестиция ретінде жұмсалатын алғашқы мақсатты капиталды жинақтауымен күнді. Соның арқасында еліміздің әрбір азаматы білім алуға бірдей мүмкіндік алады.

«Отандық жоғары оқу орындарының білім сапасы артқан сайын ондағы оқу ақысы да өсе түседі. Сондықтан мемлекет ұлттық біріншай тәстілеудің нәтижесіне және басқа да көрсеткіштерге байланысты білім беру гранттарын әртүрлі деңгейде бөлуді жоспарлап отыр. Оның көлемі 30-дан 100 пайызға дейінгі аралықта болады» деген Президент ұсынысы да болашақ

КЕСЕЛ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҒАСЫР ДЕРТІ

Сыбайлас жемқорлық – ғасыр дерті. Сондықтан да мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп, өркендеуіне тосқауыл қоятын сыбайластықпен күрес ешқашан назардан тыс қалған емес. Жемқорлықты жоюда, парақорлыққа жол бермеуде әр мемлекеттің қолданатын әдіс-амалы әртүрлі. Оның бірі қатаң жаза тағайындау арқылы кеселдің тамырына балта шабуды көздесе, келесі бірі заң арқылы жегіқұртқа тыйым салуға тырысуда. Ал Қазақстан үлгі еткен Сингапур, Швейцария, Нидерланды сияқты өркениетті елдерде сыбайлас жемқорлықпен күрес өзгеше. Бұл елдерде мемлекеттік қызметтерді барынша ашық етіп, азаматтардың парақорлыққа қарсы иммунитетін көтеруге басымдық берілген.

Біздің еліміз «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңды 1998 жылы қабылдады. Қазақстандық заңнамалар базасын алғашқылардың бірі болып толықтырған бұл құжатта сыбайластықты болдырмаудың тетігі жасалған. Алайда, заң кеселдің себебінен гөрі салдарымен күреске негізделгендіктен айтарлықтай нәтиже бере қоймады. Соған орай, заман талабы, азаматтардың ұсыныс, ләбізі ескеріле отырып 2015 жылы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң қолданысқа енгізілді. Бұл заң мемлекеттің ілгерілеуіне кедергі келтіретін кемшіліктердің алдын алуымен күнді.

Сонымен бірге, сыбайлас жемқорлықпен күреске бүкіл елді жұмылдыру міндеті қойылды. Өйткені, кеселді тек мемлекеттік құрылымдардың күшімен ауыздықтау мүмкін емес. Мұны уақыт-

тың өзі көрсетті. Осыған орай, әрбір құрылым сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрудың жүйелі жоспарын жасады. Жоғарғы соттағы жұмыс та арнайы бағдарға негізделген. Бірінші басымдық сот қызметін мейлінше ашық, қолжетімді етуді көздейді. Жылдар бойы жинақталған тәжірибе мен сотқа қатысушылар арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері көрсеткендей, сыбайлас жемқорлықтың орын алуына құжаттардың түсініксіздігі, істердің қиындығы түрткі болған. Істерді қолдан қиындатудың, талап етілетін анықтама, қағаздардың көптігі де азаматтарды пара беруге итермелейді. Уақытын үнемдеуді ойлап, әуре-сарсаңға түскенді қаламайтын жандар амалсыздан ісін жылдам реттеу үшін таныс іздеуге, жең ұшынан жалғасуға мәжбүр болады. Жемқорлықты жою үшін осы мәселені оң шешу керек болды. Соған орай, сот құжаттарының үлгілері көрнекі жерге ілініп, сот талап ететін анықтамаларды жазып, толтырудың, ұсынудың тәртібі сайттарда тәптіштеп түсіндірілетін болды. Ал өзі түсініп, құжат алуда қиындыққа тап болмаған адамның пара беруден бас тартары белгілі.

Сыбайластықты тежеуде қызметті ашық, қолжетімді етудің маңызы зор. Ашықтық – мемлекеттік қызметті мінсіз етудің кепілі. Қызмет қолжетімді болған сайын, жемқорлық та алыстай береді. Осы мақсатта соңғы жылдары заманауи ақпараттық технология жетістіктері сот жұмысында тиімді пайдаланылуда. Қазір арыз-шағымды алып сот ғимаратына арнайы барудың керегі жоқ. Сотқа жіберетін сұрауларға, алатын анықтамаларға да



үміткерлердің білім алуда қиналмауы үшін жасалып отырған шара. Бұл межелі балды жинамағанымен, балалардың белгілі бір қолдауға ие болуына жол ашады.

Сондай-ақ, балалардың білім алуына жылдық өсімі 2-3 пайыз болатын жеңілдетілген несиенің де берілуі жоғары білімнің қолжетімділігін арттырып қана қоймай, қоғамдағы әріптестік және өзара жауапкершілік қағидатын нығайта түседі.

Дөңгелек үстел барысында қатысушылардың қызығушылығын тудырған мәселенің бірі студенттерді жатақханамен қамтамасыз етуге байланысты өрбіді. Бұл түйткілді шешу үшін жоғары оқу орындарымен және құрылыс компанияларымен мемлекеттік-жекеменшік серіктестік орнату тәсілін барынша енгізу жоспарланған.

Жолдауда көрсетілген басымдықтарға байланысты студенттер мен магистранттар да өз пікір, ойларымен бөлісті. Тартысты өткен диалог біздің шәкірттеріміздің терең ойлап, оны көпшілікке көркем жеткізіп қана қоймай, әдемі дискуссия жасай алатынын, диалог орнатуға дайын екендіктерін де аңғартты.

Азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы болғандықтан біз мұндай дөңгелек үстел, арнайы дәрістерді азаматтық келіспеушіліктер, еңбек дауларын шешуде тәжірибе жинақтаған мамандармен өткізуге барынша басымдық беріп келеміз. Соған орай жоғарыдағы мәселелерді заңдық негізде реттеуге атсалысып жүрген, осы алаңда өзінің шеберлігін шыңдап, кәсіби білікті маман ретінде танылған заңгер, медиатор, адвокат, судьяларды жиі кафедрамызға шақырып, студенттердің танымын мен білімін кеңейтуге барлық мүмкіндікті жасап келеміз.

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін бітірген мамандарға қоғамда сұраныс жоғары. Өйткені, жұмыс берушілер білім ордасының шәкірт тәрбиелеуісіне үлкен жауаптылықпен қарайтынын жақсы біледі. Біз де осы сенім үдесінен шығып, шәкірттеріміздің жоғары биіктен көрініп, өз мамандығының мақтанышына айналуы үшін барлық мүмкіндікті қолданымыз.

Гүлия МУКАЛДИЕВА,
заң ғылымдарының кандидаты,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың доценті

КЕСЕЛ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚ – ҒАСЫР ДЕРТІ

электрондық жүйе арқылы тапсырыс беріп, қол жеткізу қиын емес. Сот отырысына қашықтан қатысып, сот істерін қайталап көруге, тексеріп отыруға мүмкіндік болған соң таныс іздеп азаматтар текке сандалмайды. Бұл да болса жаңа технологияның жетістіктері.

Сыбайлас жемқорлыққа жол бермеуде ақпараттық насихаттың орны бөлек. Бүгінде көшелердегі көрнекі жерлерден, мемлекеттік ғимараттардың маңдайшаларынан «Жемқорлыққа жол жоқ!», «Жемқорлықсыз болашақ!», «Пара берме!» деген мазмұндағы плакат, ұрандарды жиі көздікестіреміз. Адам ақпаратты көзбен көріп қабылдайтындықтан, мұндай тыйымдардың жазылып тұрғаны дұрыс. Ертенін ойлаған, жемқорлықтың зиянды екенін түсінген жандар теріс әрекеттен бойын аулақ салады.

Пара берген мен пара алған адамның жауаптылығын, сыбайластыққа орын берген азаматтың жазасын жұртқа жете түсіндіріп, ақпарат таратып отыру да қажетті шараның бірі. Осы уақытқа дейін өз мәселесін таныс, туыс, жең ұшынан жалғасу арқылы шешкендерге қалыпты жағдай секілді қарайтындар көп болды. Ендігі жерде біз бұл түсінікті толық жоюымыз керек. Ал осы мақсатқа жету үшін сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шарамыз құқықтық сауатты арттыруға, заңдарды жетік білуге, қызметті барынша ашық, қолжетімді етуге бағытталғаны жөн.

Еркін МАЙШИНОВ,
Алматы қалалық қылмыстық
істер жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының судьясы

«XXI ҒАСЫР – АЗИЯ ҒАСЫРЫ»



басты назарда екендігін алға тартты.

Саммитке онлайн қатысқан БҰҰ Бас хатшысы Антонио Гутерриш геосаяси шиеленістер мен қақтығыстардың ар-тып келе жатқан тұста сенім мен ынты-

мақтастық әлсіреп бара жатқанын атап өтті. Сондай-ақ, ол қазіргі дағдарыс халықтың осал топтарына қатты әсер етіп, кедейлікті, аштықты ушықтырып, әлеуметтік-саяси толқулар тудыратынын айт-

ты. Бас хатшы осындай шақта аймақтық ынтымақты нығайтудың бұрынғыдан да маңызды екендігіне айрықша тоқталды.

Өз тілшіміз

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Қазақстан осы ұйымның төрағасы ретінде АӨШК аясындағы үдерістерді одан әрі ілгерілетуге бағытталған күш-жігерді арттыру міндетін өзіне алды. Бұған дейін де Қазақстан өзінің төрағалығы кезінде АӨШК-ны толыққанды халықаралық ұйымға айналдыруға негізделген бірқатар маңызды басымдықты іске асыруды көздеді. Халықаралық басқосуда жиналғандар саяси диалогтың аймақтық платформа-сы ретінде АӨШК-тің кемелдігі мен тиімділігі оны одан әрі трансформациялаудың бастауы болатынын айтты. Мемлекет басшысы кеңеске мүше мемлекеттердің тығыз ынтымақтастығы мен қолдауына сенім артатынын жеткізді.

Саммит барысында талқыланған

ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫ

ЕЛ ТІЗГІНІН ҰСТАУДАН ҮМІТТІ КІМ?

Сейсенбіде 20 қарашаға тағайындалған ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауына үміткерлерді ұсыну аяқталды. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» заңның 55-бабына сәйкес президенттікке кандидаттарды ұсыну құқығы республикалық қоғамдық бірлестіктерге тиесілі болды. Президенттікке кандидаттарды қоғамдық бірлестіктер атынан олардың жоғары органдары ұсынады. Қоғамдық бірлестіктер бірлестік құрамында жоқ адамдарды да кандидаттыққа ұсынуға қақылы.

Өкінішке қарай, қолданыстағы заңның республика Президенттігіне кандидатқа қойылатын талаптарын елеп-ескерместен әлеуметтік желілерде өз пікірін жариялау кезінде үміткерлердің Конституция мен өзге де заңнамалық құжаттарда белгіленген құқықтарын кейбір азаматтардың біреуі білместікпен, біреуі өзге мақсатпен бұзуға тырысуы да кездесіп қалып отыр. Біз бұл мәселені газетіміздің 4 қазандағы нөмірінде жарық көрген «Сайлау – азаматтық қоғамның өлшемі» деген материалда да жазған болатынбыз. Сондықтан үміткерлерді ұсынудың қорытындысына қайта оралар болсақ, Орталық сайлау комиссиясының (ОСК) 12 қазанда өткізген 10-шы кеңейтілген отырысында жасалған ОСК хатшысы Мұхтар Ерманның баяндамасына қарағанда 23 қыркүйек пен 11 қазанға дейін созылған ҚР Президентінің кезектен тыс сайлауына үміткерлерді ұсыну шаралары кезінде қоғамдық бірлестіктер атынан 12 кандидат өз құжатын ұсынған. Олар – «Аманат» Қазақстан кәсіподақтар достастығынан – Жақыкен Мейрам Зекешұлы; «Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясынан – Дайрабаев Жигули Молдақалықұлы; Жалпыұлттық социал-демократиялық партиясынан – Әуесбаев Нұрлан Сатыбалдыұлы; Amanat партиясы, «Қазақстан халық партиясы», «Ақ жол» Қазақстанның демократиялық партиясы, «Ардагерлер ұйымы» РҚБ, Қазақстан мәслихаттар депутаттарынан құралған республикалық қоғамдық бірлестігі, «Қазақстан спортшылар одағы» РҚБ және басқа да қоғамдық ұйымдардан – Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев; «Мұқалмас» РҚБ-нен – Өлтаев Нұржан Бауыржанұлы; Кәсіби әлеуметтік қызметкерлердің ұлттық альянсынан Әбден Қаракат Жақсылыққызы; Қазақстан құрылысшылар одағынан – Ергалиев Талғат Файзуллаұлы; «Халық демографиясы» РҚБ-нен – Алиев Жұматай; «Асар» оралмандар бірлестігінен – Ғабжалилов Хайрулла; «Қазақ аналары – дәстүрге жол» РҚБ-нен – Тұрсынбекова Салтанат; «Футбол жанкүйерлерінің қазақстандық лигасы» РҚБ-нен – Жанабаев Бақыт; «Тәжірибелік психология» РҚБ-нен – Бизакова Фатима. Яғни, Президенттікке екіден көп кандидат тіркелгендіктен ОСК кандидаттарды ұсыну мерзімін ұзартқан жоқ.

СЕНІМДІ АҚТАУ ОҢАЙ ЕМЕС

Енді 21 қазанда сағат 18:00-ге дейін кандидаттарды тіркеу кезеңі жүргізіледі. Сайлаушылардың Президенттікке кандидатты қолдауы олардың қолжинауы арқылы расталады. Оларды облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және Республика астанасының кем дегенде 3/2 атынан теңдей өкілдік ететін сайлаушылардың жалпы санының ең кемінде 1% қолдауға тиіс. Қол жинауды сенім білдірілген адамдар ұйымдастырады. Орталық сайлау комиссиясы тіркелген кезде кандидаттарға тиісті куәлік береді. Сондай-ақ, мынадай жағдайда: кандидат ұсыну ережелерін бұзған, тіркеу үшін қажетті құжаттарды табыс етпеген; кандидат Конституцияда және осы Конституциялық заңда оған қойылатын талаптарға сәйкес келмеген; кандидат өзінің сайлау алдындағы науқанында лауазымдық немесе қызмет жағдайын пайдаланған; кандидат кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау алдындағы үгіт жүргізген; сот кандидаттың және оның сенім білдірілген адамдарының басқа кандидаттың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, оның іскерлік беделін түсіретін жалған мәліметтерді тарату фактісін анықтаған; сот кандидат пен оның сенім білдірілген адамдарының сайлаушыларды сатып алу фактілерін анықтаған және заңда белгіленген өзге де жағдайларда канди-

дәсіле көп. Кеңес құрамына мүше елдер басшылары әлемді аландатып отырған бүгінгі халықаралық жағдайларға үлкен алаңдаушылық білдіріп, болашақта экономиканы қалпына келтіруге, орнықты әрі инклюзивті дамуға, кеңес аясындағы аймақтық және субаймақтық қаржылық ынтымақтастық үшін қолайлы жағдай жасауға арналған ауқымды жобалар барысын сөз етті. Экологиялық өлшем климаттың өзгеруі уақыт өткен сайын болжап білуі қиын, әрі зардабы ауыр табиғат апаттарына алып келетіні, Азия үшін экономиканы көміртегінен арлыту қажеттігін айтты. Сонымен қатар, кеңес аясында азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ететін механизм қарастырылуы қажеттігі сөз болды. Бұдан бөлек, Қазақстан Президенті адами өлшем, адами ресурстарды қорғау және дамыту

датты тіркеуден бас тартады немесе тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

Бұдан бөлек кандидат тіркелген күннен бастап және дауыс беруге 2 күн қалғанға дейінгі кез келген уақытта ОСК-ға бұл туралы жазбаша өтініш бере отырып өз кандидатурасын алып тастай алады. Сонымен қатар, РҚБ-нің жоғары органы тіркеуге дейін және тіркеуден кейін де ОСК-ға ұсыныс жасау арқылы Президенттікке кандидат ұсыну жөніндегі өз шешімінің күшін жоя алады. Мұндай жағдайда ОСК кандидатты тіркемейді не оны тіркеу туралы шешімнің күшін жояды.

САЙЛАУ – АЗАМАТТЫҚ ҚОҒАМНЫҢ ӨЛШЕМІ

Сайлау туралы заңның 49-бабы бойынша сот және прокуратура органдары сайлау комиссиялары мүшелерінің, азаматтардың, қоғамдық бірлестік өкілдерінің заңнаманың бұзылуы туралы сайлауға дайындық және оны өткізу кезеңінде келіп түскен арыздарын қабылдауға міндетті. Заңда өзгеше көзделмесе, олар – 5 күн мерзімде, ал дауыс беру алдындағы 5 күнге жетпейтін уақыт ішінде және дауыс беру күні келіп түскендері дереу қаралады. Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органдарының, кәсіпорындар мен ұйымдардың, олардың лауазымды адамдарының сайлау туралы заңдарды бұзатын шешімдері мен іс-әрекеттеріне сотқа шағым жасалады. Сондай-ақ, азаматтар мен ұйымдардың сайлау заңнамасын бұзушылықтар туралы өтініштерін, егер осы заңда өзгеше көзделмесе, сайлау комиссиялары шағым түскен күннен бастап 5 күннің ішінде қарайды. Ал сайлау комиссиясының және оның мүшелерінің шешімдері мен іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) жасалған шағым егер заңда өзгеше көзделмесе, жоғары тұрған комиссия шағым түскен күннен бастап 3 күннің ішінде қарайды.

Жалпы заңнаманы бұзуға қатысты жауаптылық 50-бапта жан-жақты қарастырылған. Атап айтқанда сайлау комиссиясының жұмысына араласқан; дауыс беруге кедергі келтірген; кандидатты, партиялық тізімдерді тіркеуге байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген; дауыстарды санауға және сайлау қорытындыларын анықтауға байланысты міндеттерді орындауға кедергі келтірген; кандидатты, саяси партияны сайлау мақсатында өзінің лауазымдық немесе қызмет жағдайының артықшылықтарын пайдаланған; сайлау құжаттарын қолдан жасаған жағдайда азаматтар жауаптылыққа тартылады. Сондай-ақ, дауыстарды көрінеу қате санаған; сайлау нәтижелерін көрінеу қате айқындаған; дауыс беру құпиясын бұзған; Республика азаматының өз сайлау құқығын еркін жүзеге асыруына зорлық-зомбылық жасау, алдау, қорқыту, сатып алу жолымен кедергі келтіргендерге де қылмыстық жауаптылық көзделген. Бұдан бөлек әкімшілік және өзге де жауаптылықтар қарастырылған. Мәселен, осы заң талаптарына сәйкес мәліметтерді бермеген немесе жарияламаған; сайлау комиссиясының өз құзыреті шегінде қабылдаған шешімін орындамаған; сайлау алдындағы үгітті кандидатты, саяси партия ұсынған партиялық тізімді тіркеу мерзімі аяқталғанға дейін, сайлау күні не соның алдындағы күні жүргізген; сайлау алдындағы үгіт жүргізу құқығына кедергі келтірген; кандидаттар, саяси партиялар туралы көрінеу жалған мәліметтер таратқан немесе олардың ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасаған заңға сәйкес жауап береді. Кандидаттарға, партиялық тізімдерін ұсынған саяси партияларға олардың сайлау қорларынан тыс қаржылық (материалдық) қолдау көрсеткен; кандидатты сайлау үшін шет мемлекеттерден, ұйымдардан, азаматтардан, азаматтығы жоқ адамдардан қаржы алған; сайлауға байланысты қоғамдық пікірге сұрау салу жүргізудің талаптарын бұзған; сайлауда кандидаттардың, саяси партиялардың сенім білдірілген адамдарының, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері мен байқаушылардың заңды қызметіне кедергі келтірушілер де жазасыз қалмайды.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҮКІМЕТ САҒАТЫ

Ауылды бүгінде ел халқының 41 пайызы мекен етуде. Демек, бұл 7,8 млн отандасымыз. Өкінішке қарай, қазақстандықтардың жартысына жуығының қабырғасына батқан түйткілді мәселе аз емес. Соның бірі денсаулық сақтау ісіне қатысты. Бүгінде ауылдағы тозығы жеткен емдеу орындарында мамандар жетіспейді. Оларға 1700-ден астам медицина қызметкері қажет. Мұның 1000-ы дәрігер болса, 700-ден астамы медбикелер. 200 ауылда мүлде медициналық нысан жоқ. 400-ге жуық елді-мекенде емдеу орындары жалға алынған, көбі апаттық ғимараттарда орналасқан.

МЕДИЦИНА АУЫЛ ХАЛҚЫНА БЕТ БҰРДЫ

Бұл жөнінде Парламент Мәжілісінде өткен «Ауылдық денсаулық сақтау: қазіргі жағдайы мен даму перспективалары» атты үкімет сағатында денсаулық сақтау министрі Ажар Ғинаят айтты. Мұндай жағдайда қызмет қалай сапалы көрсетілмек? Ауылдарда динамикалық бақылау сапасының төмендігі, консультациялық-диагностикалық қызметтердің жеткіліксіздігі байқалады. Сонымен қатар, созылмалы аурулары бар пациенттерді қымбат дәрі-дәрмектермен қамтамасыз ету қаламен салыстырғанда 2 есеге аз. Бірқатар ауылда дәріхана бекеттері жоқ.

Осындай жағдайдың салдары болса керек, соңғы уақытта ауылдықтардың сырықатқа шалдығу деңгейі арта түскен. Әсіресе, пандемиядан кейін тыныс алу ағзаларының ауруларынан зардап шегушілердің көбейгені көрініп отыр. Былтыр 100 мың тұрғынға шаққанда 17164,4 адам осындай сырқаттарға шалдығып, ем қабылдаған екен. Қанайналым жүйесінің ауруларынан, катерлі ісіктерден, тыныс алу ағзаларының ауруларынан және жарақаттардан болатын өлім басым. Өзекті мәселелерді осылайша жасырмай ортаға салған министр ханым оларды шешу жолдарын да ұсынды.

Құзырлы орынның бұл тұрғыда қабылдаған шаралары, жасаған жобалары баршылық екен. Министрдің сөзінен түйгеніміз, олар жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, жоспарлы түрде жұмыс жүргізуде. Алдымен медициналық кадрларды ауылға тарту үшін түлектердің міндетті түрде 3 жылдық жұмыс істеу нормасы қабылданды, енді келген әрбір дәрігерге 1 миллион теңгеден 2 миллион теңгеге дейін көтерме жәрдемақы бөлінеді, ал кейбір әкімдіктер үш-бес миллионға дейін жәрдемақы бермек. Десе де, әлі де ауылға баратын дәрігерлердің әлеуметтік қолдауын күшейту қажет. Жыл сайын клиникалық бейіндегі 1500 медициналық кадрды даярлауға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша гранттар беріледі. Сонымен қатар, ауылда резиденттер міндетті практикадан өту үшін «Резиденттер ауылға» пилоттық жобасы пысықталуда. Мемлекет басшысы үш жылдың ішінде резидентураға берілетін гранттар санын жыл сайын 70 пайызға өсіруді тапсырған болатын. Ағымдағы жылы практикалық денсаулық сақтау қажеттіліктеріне сәйкес өңірлерге 2981 жас маман, оның ішінде ауылға – 797 адам бөлінді. Енді тек жергілікті органдар келген жас мамандарды тұрақтандыруға күш салуы қажет.

Ауылда сонымен қатар медициналық көмектің сапасын жақсарту үшін Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы мақұлдаған адамға немесе пациентке бағдарланған медициналық-санитариялық алғашқы көмектің озық тәжірибелеріне негізделген жобалар енгізілуде. Олар пациенттерді қолдау қызметі, ақпараттандырылған қоғамдық мониторинг және халықпен кері байланыс, инфекциялық емес ауруларды ерте анықтау, ауруларды басқару бағдарламалары, дұрыс тамақтану, салауатты өмір салтын үйрету, отбасын жоспарлау, ер адамдардың денсаулығын жақсарту, баланы дамыту шараларын қамтиды.

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық пилоттық жобасын іске асыру шеңберінде медициналық қызметтерді қашықтықтан көрсету форматына ауыстыру жоспарланып отыр. Жалпы, 3 жылдың ішінде ауылдағы денсаулық сақтауды қаржыландыру 2 231,5 млрд теңге болса, 2023–2025 жылдарға шамамен 2 646,9 теңге қаражат

көзделуде.Ел халқына, оның ішінде ауыл тұрғындарына медициналық-санитариялық алғашқы көмектің қолжетімділігін арттыру үшін биыл денсаулық сақтау ұйымдары желісінің жаңа мемлекеттік нормативі бекітілді. Осылайша, 50 адамға дейін тұратын ауылдарда медициналық көмекті мейіргер үй-жайсыз жүзеге асырса, 500 адамға дейін тұратын ауылдарда медицина қызметкерлері саны 3-ке жеткізілді.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының тапсырмасы бойынша ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайын жақсартуға арналған «Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» жобасы әзірленді. Жоба екі міндетті қамтиды. Біріншісі – жетіспейтін алғашқы медициналық-санитариялық көмек ұйымдары – медициналық пункттерді, ФАП-тарды, дәрігерлік амбулаторияларды салып, барлық ауылдық елді мекендерді медициналық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету. Екіншісі – заманауи медициналық құралдармен жабдықталған негізгі 5 орталықты қосымша орналастыра отырып, заманауи көпбейінді ауданаралық орталық ауруханалар желісін ұйымдастыру.

Сөз алған депутаттар жобаға қатысты түрлі мәселе көтерді. Баяндама жасаған Мәжіліс депутаты Жәмілә Нұрманбетова бұл жұмысты жүзеге асыруда сапаға айрықша назар аудару керектігін мәлімдеді. Халық қалаулысы әсіресе азаматтарға жатқан нысандарды сала мамандарымен, соның ішінде ультра-дыбыстық зерттеу, МРТ, КТ аппараттарында жұмыс істей алатын медициналық мамандармен қамтамасыз ету бойынша күнтізбелік жоспар әзірлеудің маңыздылығын, ол үшін медицина қызметкерлерінің тапшылығына зерттеу жүргізудің қажеттігін айрықша атап көрсетті. Депутаттар сонымен қатар жұмыссыз азаматтарға медициналық қолдау көрсету, жедел медициналық көмек көрсету, ауыл ауруханаларын интернетпен қамтамасыз ету жайына алаңдаушылық білдірді. Ауылдықтар міндетті әлеуметтік-медициналық сақтандыруға қатысты орынды сын айтты. Бұл ретте 1,6 миллион сақтандырылмаған ауыл тұрғындарына медициналық қызмет тек шұғыл жағдайда ғана көрсетіліп, басқа кезде ол ақылы түрде болатыны айрықша атап көрсетілді. Өйткені, 2021 жылдың қорытындысы бойынша ауылда жүрек-тамыр жүйесі ауруларынан болатын өлім-жітім 11 пайызға артқан. Сонымен қатар, онкологиялық аурулардың 10,5 пайызға өсуі байқалады. Денсаулық сақтау министрлігіне барлық ауыл тұрғыны үшін сақтандыру мәртебесін ескермей, скринингтер мен басқа да маңызды медициналық қызметтерді жүргізу ұсынылды. Бұл мәселеге орай министр «Дәрігер ретінде мен барлық кәсіби тексерулерді, скринингтерді тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінің (ТМҚКК) аясында жүргізуді қолдаймын. Бірақ бүгінгі күні ТМҚКК-да қаражат жеткіліксіз. Бұл өте маңызды мәселе. Сондықтан оны болашақта қарастырамыз, мүмкін тәсілдерді өзгертеміз. Біз скринингті он жылға жуық уақыт бойы жүзеге асырып келеміз және ауылда анықталу деңгейі өте төмен. Ол тек 5-7 пайызды құрайды. Енді біз кәсіби медициналық тексеру жүргізіп, ауыл тұрғындарының денсаулық жағдайын көреміз. Содан кейін нақты шаралар қабылданады», – деп өз ұстанымын жеткізді.

А.ТҮРМАҒАНБЕТОВА,
«Заң газеті»

(Соқы. Басы 1-бетте)

Оны айкайлап айтып, жарқыратып жарнамасын жасамай-ақ сотқа келген азаматтардың өзі де көріп, біліп отыр. «Көрініп тұрған істі сөзбен суреттеудің керегі жоқ» дейді әйгілі философ Цицерон. Сол айтпақшы, сот саласындағы жүргізілген реформаларға баға беру үшін сот жұмысын көру жеткілікті.

Бүгінде сот қызметін ашық, жедел, колжетімді ету мақсатында енгізілген заманауи технологиялар, сонымен қатар, сот жүктемесін оңтайландыру мен дауларды соттан тыс реттеуді жетілдіруге бағытталған жобалар республика соттарында жүйелі жүзеге асып, халық игілігіне қызмет көрсетуде. Сот жүйесіндегі әрбір жаңашыл бастама ел соттарында ортақ жүзеге асырылатындықтан, үлкен мінберлерде айтылып жүрген жетістіктер мен заманауи игіліктерден аймақтағы соттардың шет қалуы мүмкін емес дер едім.

– **Әлемдік пандемия кезінде өзге салалар жұмысы тығырыққа тіреліп, біршама ақсап қалды. Бірақ, жаңа технология жетістіктерінің арқасында отандық соттар жұмыс ырғағынан жаңылған жоқ. Жалпы, аудан халқы сот істерінің қашықтан қаралуын қалай қабылдады?**

– Иә, дұрыс айтасыз, жер-жаһанға зор қауіп төндірген пандемия кезінде ел

нен сергелденге түсіп, сан соғып қалып жатады. Тұрғындармен жиі қабылдаулар өткізіп, құзырлы орындармен бірігіп кездесулер ұйымдастыру, сұрақтарға жедел, бүкпесіз жауап беру – халық пен сот арасындағы байланысты нығайтады. Осы арқылы қарапайым халық өз дауысын, өз базынасын соттың естітінін біледі. Бұл сенімді нығайтудың басты критерийі.

Үнді елінің қоғам қайраткері Махатма Гандидің «Шын жүректен жасалмаған жұмыс қызмет көрсетушіге де, қызмет алушыға да қуаныш сыйламайды» деген тағылымды сөзі бар. Қызмет көптің көңілінен шықсын десек, оны жүреппен, шын ниетпен атқару маңызды. Сүйсініп, құлшынып жасалған жұмыс қашан да жұрттың жоғары бағасын алады. Оған іс барысында үнемі көз жеткізіп жүрміз.

Енді қандай істер көп қаралады деген сауалға келер болсақ, жүргізушілердің арасындағы ең көп таралған әкімшілік құқық бұзушылықтардың бірі – көлікті мас күйінде басқару жағдайларының тыйылмауы дер едім. Бұл өте алаңдатарлық мәселе.

2020 жылы кейбір қылмыстар мен құқық бұзушылықтарға жаза күшейтілді. Солардың қатарында Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің (көлікті масаң күйде басқарғандарға жауаптылықты көздейтін) 608-бабы. Оған өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, жауаптылық түрлері қатандатылды. Бұған дейін жүргізушінің көлік құралын масаң күйде басқарғандар жүргізуші куәлігінен үш

Кәмшат САДУАҚАСОВА,
Қызылорда облысы, Арал аудандық сотының төрағасы:

«ЖҰМЫСТЫҢ АЛҒА БАСУЫ ҰЖЫМНЫҢ БІРЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ»

басына ауыр күн туды. Қаншама жерлесімізден, жақындарымыз бен туыстарымыздан айырылды. Дейтұрғанмен, қауіпті дерттің кең тараған кезінде де, ел ішінде дау-дамай тоқтаған жоқ. Сондықтан, мұндай ел басына күн туған кезде азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етудің бірден-бір жолы сот төрелігін қашықтан атқаруға көшу болды.

Ежелгі грек ойшылы Платон айтпақшы «Жақсы бастама – жарты жұмыс». Сындарлы сәттен сүрінбей өтуіміз осы жақсы бастамалардың жемісі. Негізінен, жұмысты қашықтан жүргізуге көшу судьялар үшін аса таңсық дүние болған жоқ. Себебі, бұған дейін де «Е-СОТ» жобасы аясында сот отырыстарына сырттай қатысуға мүмкіндік берілген болатын. Соған орай жаңашылдықты тәжірибеге қосу мақсатында «TrueConf» мобильді қосымшасының көмегімен біршама істерді онлайн режимде қарап келгенбіз. Пандемия кезінде осы жаңашылдық ертеулі тұлпардай уақыт үдесінен шыға білді. Сондықтан, істерді қашықтықтан жүргізуге машықтанған сот қызметкерлері үшін жаңа өзгеріске бейімделу үлкен қиындық туғызбады.

Әрине, заманауи технология жетістіктерінен хабары жоқ, сот түгілі, жақындарымен онлайн сөйлесіп көрмеген азаматтарға жаңа өзгеріске бейімделуі оңай болды дей алмаймыз. Басында интернет жылдамдығының төмендігін, байланыстың нашарлығын айтып, онлайн сотқа қатысуды қолдан қиындатқандар да жоқ емес. Бірақ, қашықтан іс жүргізу сот пен судьяның игілігінен бұрын, азаматтардың қауіпсіздігін сақтау мақсатында қолға алынғанына көзі жеткен соң халық бастаманы толық қолдады.

Аудан тұрғындарына онлайн сот барынша тиімді. Себебі, халық сот отырысына қатысамын деп аудан орталығына келмегендіктен ақшасын да, уақытын да үнемдейді. Өуре-сарсаңды азайтып, көпшіліктің көңіліне шыққан соң жобаның да өміршен болары күмәнсіз.

– **Арал аудандық сотының көптеген игі шараларға мұрындық болғанын көріп, сүйсініп отырамыз. Аталған өңірде заңиың сақталуы қалай? Қандай істер көп қаралады?**

– Әрбір жаңашылдық, заңнамадағы өзгерістер, жобалар көпшілікке түсіндіріліп, назарларына жеткізілгеннен кейін барып жүзеге асатындығы белгілі. Осыған орай, жаңашылдықтарды тиімді жүзеге асыру бағыттарын, оның халыққа берері мен нәтижесін барынша жеткізуге тырысамыз. Сол секілді белгілі бір қылмыстарға, әкімшілік құқық бұзушылықтарға заңнамалық жауапкершіліктің қатандатылғаны жайында да ақпараттандыру шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді. Өйткені, елдегі қауіпсіздікті сақтап, қылмыстың алдын алу осы түсіндіру жұмыстарының тыңғылықты жүргізілуіне тікелей байланысты. Азаматтар құқықтық сауатының төмендігі-

жыл мерзімге айыруға әкеп соқса, бүгінде он бес тәулікке әкімшілік қамқақ алуға және жеті жылға көлік құралын басқару құқығынан айыруға алып келеді.

Мас күйінде рульге отырған жүргізушіге тағайындалатын жаза қатан болғанына қарамастан, өкінішке қарай, әлі күнге дейін ішімдік ішіп көлік жүргізетіндер саны азаймай отыр. Мәселен, Арал аудандық сотында өткен жылы көлікті мас күйінде басқарғаны үшін 68 азамат әкімшілік жауапкершілікке тартылса, осы жылдың 6 айында 43 азамат осындай жауапкершілік арқалады.

Сотта қаралатын азаматтық істер жайлы да айтып өтсек, олардың басым көпшілігін келісімшарт қатынастарынан туындайтын және некені бұзу туралы отбасылық даулар құрайды. Заман дамыған сайын дау-жанжалдардың да түрі көбеюде. Соның ішінде қарыз беріп, өз ақшасын ала алмай жүргендерді көп кездестіруге болады. Қарызға ақша немесе басқалай зат алған адамға оны қайтару туралы белгілі бір міндеттемені жүктелетіні белгілі. Алайда, мұндай даулардың артуы азаматтардың тиісті міндеттемені орындауға немқұрайлы қарауынан және де оны орындауға асықпайтындарынан, айналып келгенде жауапкершіліктің жоқтығынан деп санаймын.

Некені бұзуға арыздандындардың көбісі жастар, солардың 80-90 пайызының көмелет жасқа толмаған бір немесе бірнеше балалары бар. Ажырасушылардың әрқайсысы әрқалай себептерді алға тартады. Бірі күйеуін, енді бірі әйелін кінәлап жатады. Жараса алмадық, мінезіміз үйлеспеді дейтіндер де жетерлік. Енді бірі күйеуінің ішімдікке әуестігін, тұрақты жұмыс істемейтінін алға тартады. Соттасудың оңай болып кеткені соншалық, тіпті, «күйеуімді қорқытып алайын деп едім», – деп талап қоятындар да кездеседі.

Некені бұзу туралы азаматтық істі қараған кезде судьяның алдында тұрған міндет ерлі-зайыптыларды ажырату емес, керісінше, татуластыруға, бір сөзбен айтқанда заңды некені сақтап қалуға негізделеді. Ерлі-зайыптылар ашу үстінде асығыс шешім қабылдас үшін заң аясында ойлануға мерзім беріледі. Райынан қайтпауға бел буып келген кейбір жандар судьяның шеберлігі мен парасаттылығының арқасында бейбіт шешімге келіп, табысып та жатағындар баршылық. Мұндай шаралар, әрине, бізді қуантады. «Отан отбасынан басталады» десек, әрбір жанұяның жарасымды тірлігі, мемлекетіміздің жарқын болашағының кепілі деуге толық негіз бар. Бұл мәселеде соттардың еңбегі ерен екенін айтқан жөн.

– **Жұмыстың алға басуы ұжымның бірлігі, әр қызметкердің біліміне тікелей байланысты. Судьялардың кәсіби шеберлігін шыңдауға, мамандардың жұмысын жандандыруға қаншалықты көңіл бөлінеді?**



Кәмшат САДУАҚАСОВА, Арал аудандық сотының төрағасы

– Дұрыс айтасыз, «Бірлігі мықты ел бұзылмас» демекші, ұжымның бірлігі, татулығы, ауызбіршілігі ең басты мәселе. Онсыз жұмыстың алға баспайтыны, қарапайым тілмен айтқанда, көштің ұзаққа бармасы анық. Осы орайда, біздің Арал аудандық соты ұжымының бірлігі мен татулығы, кәсібилігі ауыз толтыра айтарлық. Сот қызметкерлерінің басым көпшілігі көп жылдық еңбек өтілі бар, тәжірибелі, білікті мамандардан құралған. Қазіргі таңда әрбір мемлекеттік қызметші заман ағымынан қалмауға, тіпті, озық жүруге ынталы, кәсіби біліктілігі өте жоғары, өз ісін жетік білетін бәсекеге қабілетті маман болуы шарт. Сондықтан да, мамандардың жұмысын жандандыру, судьялардың кәсіби шеберлігін шыңдау мәселелері күн тәртібінен түскен емес.

Судьялардың, сонымен бірге, сот қызметкерлерінің біліктіліктерін арттыру мақсатында облыстық соттың оқу орталығында жұмыс жоспарына сай, ұдайы түрде семинарлар, тренингтер, дөңгелек үстелдер ұйымдастырылып тұрады. Сонымен қатар, қызметкерлер біліктілігін арттыру курстарынан, тағылымдамалардан өтеді.

Ал тәжірибені шыңдауға, біліктілікті көтерудегі ең мықты мектеп – өзінің ортасы, ұжымы. Соған орай, аудандық сотта жиын, басқосулар жиі ұйымдастырылып, шеберлік сағаттары тұрақты өтіп тұрады. Ардагер судьялармен арадағы байланысымыз да жақсы. Өмірден көрген, түйгені мол ардагер аға, апаларымыздан үйренгеніміз аз емес. Белгілі жазушы Н.Гоголь: «Өзгелерді оқыта жүріп, өзін де көп үйренесін» деген екен. Сол айтпақшы, мұндай шеберлік сыныптарының пайдасы орасан.

– **Қазақылықтың қаймағы саналатын ауданда дауқестікті төмендету үшін қандай шаралар қолға алынып жатыр? Жалпы, аудан халқының ақсақалдар сөзіне көзқарасы қалай, көпшілік бітімге келуге бейлі ме?**

– Бабаларымыздың игі дәстүрін қайта жаңғырту мақсатында еліміздің әр өңірінде Билер кеңесі құрылғаны белгілі. Арал ауданы да мұндай игі шарадан қалыс қалған жоқ. Қара қылды қашаң қалған жоқ. Қара қылды қашаң қалғанын Билер кеңесіне осы өңірдің сөздері өтімді, білімді, көпке сыйлы ардагер-ақсақалдары сайлады.

Бүгінде өмірлік тәжірибесі мол Билер кеңесінің мүшелері тәрбиелік мәні зор, көпшіліктің көкейінен шығатын аталы сөздерімен даулардың ымырамен шешілуіне себепші болып келеді. Даудамайды соттан тыс шешуге машықтанған медиаторлардың да жұмысы бір жүйеге түсіп, ел арасында сот шешімісіз шешілген дау-жанжалдардың көрсеткіші артып келеді.

Аудандық сотта дауларды соттан тыс ретте тәсілдерін жетілдіре түсу мақсатында медиаторлардың, Билер кеңесі мү-

шелерінің қатысуымен дөңгелек үстел, семинарлар өткізіледі. Жергілікті БАҚ пен әлеуметтік желілерде Билер кеңесі, медиация тақырыптарында түсіндірме макала, сондай-ақ, бітіммен аяқталған істер туралы ақпараттар ұдайы жарияланып келеді.

Сөз орайы келгенде айтып өтейін, Төле, Қазыбек, Әйтеке билердің сөз күдіретімен жүз бен ру арасындағы алауыздықты жойып, парасаттылық пен ынтымақ-бірлікке ұйыстыра білгені тарихымыздан белгілі. Жақында аудандық сот ғимаратының алдынан осы үш ұлы биімізге арналған еңселі ескерткіш қойылды. Ондағы мақсат – тарих қойнауындағы атақты билердің есімін қайта жаңғыртып, өнегелі өмірлерін өскелең ұрпаққа үлгі ету болды.

– **Халықпен жиі кездесіп, үнемі қоғамдық қабылдаулар өткізетініңізді көріп жүрміз. Сондай кездесулерде азаматтар қандай мәселеге көп шағымданады, жұртшылық тарапынан ұсыныс, пікірлер түсе ме?**

– Халықпен кездесу, азаматтарды қабылдау секілді шаралар құқықтық көмек көрсету, сот жүйесіне сенім деңгейін көтеру, колжетімділікті арттыру, сондай-ақ, сала жұмысындағы жаңашылдықтарды жеткізу мақсатын көздейді. Азаматтар бұзылған құқықтары, толғандырып жүрген мәселелері жайында сауалдарын қойып, заң тұрғысынан берілген жауаптарын алып жатады. Даулы істер бойынша сот шешімімен келіспейтін немесе шығарылған шешімді әділ емес деп санайтын жағдайлардың болатыны жасырын емес. Осындай мәселемен келген азаматтарға, сот актісіне өз келіспеушіліктерін заңмен белгіленген тәртіп бойынша шағымдану арқылы білдіру керектігін барынша түсіндіруге тырысамыз.

«Сырт көз сыншы» дегендей, жақсыға да, жаманға да баға беретін – халық. Осындай кездесулер кезінде, аудандық сотта қызмет атқарып жатқан судьялар мен сот қызметкерлерінің жұмысына оң бағасын беретіндер көп. Мұндай мақтау сөздерді естігенде қуанып қалатынымыз жасырын емес.

– **Әкімшілік әділеттің бүгінгі жағдайына тоқталсаңыз, жария-құқықтық дауларда азаматтар өз мүддесін қорғай алып жүр ме?**

– Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексі жұмыс істейді. Жария-құқықтық саладағы даулар осы жана заңнама аясында қаралып келеді. Заңдағы әкімшілік сот ісін жүргізудің міндеті әкімшілік істерді әділ, бейтарап және уақытылы шешу. Бұрындары мұндай даулар тараптардың тең құқылығы жағдайында азаматтық процессуалдық ережелер бойынша қаралатын. Содан да болар, азаматтар жария-құқықтық дауларда билік органдарының шешімдері мен әрекеттеріне қатысты шағым түсіру кезінде теңсіздікке тап болатын. Ал, жаңа заңнама жария-құқықтық дауларда

азаматтардың өз мүдделерін мемлекеттік органдармен тең дәрежеде қорғай алуына барлық мүмкіндікті қарастырып отыр.

Олай дейтінім, жария-құқықтық дауларды қараудағы соттың белсенді рөлі қағидаты судьяға бұл салада істі бүге-шүгесіне дейін зерттеп, даудың мән-жайын анықтауға мол мүмкіндік берсе, заңмен мемлекеттік органдарға өз шешімін не әрекетін түсіндіріп, негіздеп, дәлелдеп беру міндетінің жүктелуі азаматтардың теңсіздік ахуалында қалып қоюының алдын алып, қабылданған әкімшілік актінің негізділігін айқындауға сеп болып отыр.

Заңнамадағы процестік мәжбүрлеу шаралары болса, процеске қатысушылардың жауапкершілігін арттыруға ықпал етуде. Ондағы процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтындарға белгілі бір мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдану, процеске қатысушыларды процестік міндеттерді дәлме-дәл сақтауына итермелейді. Ал, дауларды шешудің тиімді құралына айналған татуластыру рәсімдері дау тараптарына дауды келісім арқылы реттеуге мүмкіндік береді.

Арал аудандық сотында жыл басынан бері жария-құқықтық даулардан туындаған 8 әкімшілік іс қаралса, соның барлығы тараптардың дауды медиация тәртібімен реттеу туралы келісім жасасуларымен аяқталды. Соттың белсенді рөлі, процестік мәжбүрлеу шаралары, дәлелдеу міндеті, сот бақылауы, татуластыру рәсімдері сынды жаңа заңнаманың жаңашыл қағидаттары әділдік іздеп сотқа жүгінген азаматтарға да, әкімшілік

істі қарайтын судьяға да осы аз ғана уақыт ішінде өз тиімділігін көрсетіп үлгерді.

– **Президенттің биылғы жолдауында сот саласына айрықша назар аударылды. Осы тапсырма, міндеттерге байланысты ойыңызды білсек.**

– Мемлекет басшысы кешегі жолдауында қоғамда заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылуы қажеттігін, осыған орай, қазылар қауымын шұғыл түрде қайта іріктеу, олардың жоғары білікті, жемқорлықтан таза болуын қатаң айтты.

«Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген қағида қазының ешкімді алааламайтын адал, қара қылды қашаң жарған әділ болуы керектігін білдіреді. Сондықтан, Президентіміздің қойып отырған міндеттерін толықтай қолдаймын. Судьялардың қайтадан жасақталып, солардың ішінен тек өз саласын жетік білетіндер, сыбайлас жемқорлыққа төзбейтіндер сұрыпталып жатса, заң үстемдігі берік орнығып, сот төрелігі әділ атқарылатыны сөзсіз.

– **Сіздің ойыңызша, сот корпусына мықты мамандарды тарту үшін не істеу керек?**

– Мемлекет басшысы жолдауында осы мәселеге баса назар аударып, сот саласына мықты заңгерлерді тарту үшін материалдық жағдайды жақсартуды тапсырды. Расымен де, салаға мықты мамандарды тарту үшін тиісті ынтыландырулар мен жағдайлар жасалуы қажет. Лайықты еңбекақы, соттардың жұмысын талапқа сай материалдық-техникалық жарақтандыру, сондай-ақ, судьяларға түсетін жүктемені біртіндеп азайту және олардың тәуелсіздігін арттыру кезек күттірмейді. Мемлекет басшысының мұндай ұсынысы сот жүйесінің жаңаша бағытта қалыптасуына, әділдік жолының жаңғыруына ықпал етері анық.

– **Жолдауда судьяларды теңестіру, кейбір соттардан төраға лауазымын алып тастау туралы айтылды. Жалпы, төрағасыз сот жұмысын жүргізу, ұжымды басқару мүмкін бе?**

– Судьяларды теңестіру туралы шешімді өз басым толық құптаймын. Сот төрелігінің әділдігі кез келген елдің кемел болмысының көрінісі болып табылады. Ал, оны жүзеге асыратын басты тұлға – судья. Судья сот төрелігін жүзеге асыруда ешкімге жалтақтамай, тәуелсіз болуы шарт. Сондықтан, судья осы жолда тәуелді болуы мүмкін деген көмескіліктер толық жойылғаны дұрыс. Төрағасыз сот жұмысын жүргізу, ұжымды басқару мүмкін бе деген сауалыңызға келсем, оның да жаңаша заңнамалық бағыты белгіленетін болады деп ойлаймын.

– **Уақыт тауып, ой бөліскеніңізе үлкен рақмет.**

А.САТЫБАЛДЫ,
«Заң газеті»

СҰЛТАН САРТАЕВТЫҢ ТУҒАНЫНА – 95 ЖЫЛ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әрине, ол уақыттарда ешкімнің талап-тілегі ескерілмейтін қатаң уақыт, ол іштей мұны қаламаса да, қарсыласуға дәрмен жоқ, кете барған. Содан оқу мерзімі аяқталып, елге оралған жас өзі армандаған заң сала-сына оқуға жіберілуін сұранып, республика басшылығына жолдаған өтініші жауапсыз қалыпты. Енді не істеу керек? Былай қараған-да, оған сол заман талабына сай, «советтік өкімет пен партия жұмсаған жолға» түсуден өзге жол да қалмағандай. Жоқ, таң қалдыра-тын жағдай, мыңдаған, миллиондаған жан-дар үшін тек кеңестік бағытпен жүру арқылы ғана шешілетін жол Сұлтан Сартайұлы үшін өзгеше арнаға бет бұрыпты. Жас жігіттің тап осы арадағы табандылығы мен мақсаткерлігі еріксіз таң қалдырып, таңдай қақтырады. Енді ол сол бетімен, тағдыр салды, мен көңім демей, қатты шырығып, түп-тура Сталинге: «өзім қалаған заң факультетіне оқуға түсуіме жәрдемдессеңіз» деген замұнда өтініш хат жолдапты. Турасын айтқанда, бозбала түгілі, өмірдің талай сынынан өткен қоғамның тісқакқан, тәжірибелі азаматының өзі тайсактайтын, жүрек жұтқандай нағыз қайсар әрекет! «Сталин жолдас сен сияқты бозөкпенің мәселесімен бас қатырып оты-руы керек пе еді?» деп, басы бөлеге қалып, жауапқа тартылуы да әбден мүмкін жағдай. Өйткені, ол кезеңдерде Сталинге қатысты кез келген ұсақ-түйек мәселелердің өзінің арты қылмысқа айналып шыға келетін жағдайлар болғанын көп оқып, ертеден талтай естіп те өстік. Дегенмен, болашақ заңгердің бағы де-уіміз керек шығар, сірә, бұл хат елеусіз қал-маған, көп ұзамай, С.Сартаевқа КСРО-ның қара және түсті металлургия министрінің

кетпей, басына қандай қиындық түссе де төзе білген. Сұлтан Сартайұлы 1952 жылы Мәскеу заң институтында кандидаттық жұмысын «Қазақ Автономиялық Советтік Социалистік Республикасының құрылуы мен дамуы» атты тақырыпта үздік бағамен қорғап шығады. Сол кезде, балаларының сол қуанышты хабарын, әрі өзінің елге, үйіне келе жатқаны айтылған телеграмма алған қарт анасында ес қалмаған. Бұл жақтағы жүрегі жарылардай қуанған анасы, бауыр, қарындастары тосып отырғанда, Мәскеуден жолға шығарда, елге бір келгеніндегі ана-сының сөз арасында айтып қалған арманы оның есіне түсе қалыпты. Сөйтсе, анасы бұл келгенде, ауылдас ағайын-жұртының ортасында шаттанып отырып: «Шіркін, ба-ламның пойыздың ұйықтайтын вагонынан шығып келе жатқанын көрсем арманым жоқ» дейді екен. Ол кездерде, тұтқалары алтындай жарқыраған мұндай әсем вагондарда тек қана халық арасында аса сыйлы, беделді немесе үлкен билік адамдары ғана жүретін болса керек. Ана байғұс сондай мәртебелі адамдар-дың пойыздан түсіп келе жатқан салтанатын көріп, баласын солардың орнында елестетіп армандаған ғой. Шешесінің айтқан осы сөздері ұлының құлағында қалып қойыпты. Былай қарап отырсаң, әр шешенің көкейінде ұялайтын, баласының жетістігін мақтан тұта-тын қарапайым аналық бейкүне тілек қой. Ана жүрегі ұлы солай етпесе де, аман-есен жеткенінің өзіне шексіз қуанары сөзсіз. Де-генмен, туған ошағына жүрегі жарылардай алып-ұшып келе жатқан аспирант жігіт ше-шесінің сол арманын орындауды ойлап, жол-дастарынан қарызданып ақша алып, еліне жетуге, анасы айтқандай, ұйықтайтын орны бар, жұмсақ та жайлы, қымбат вагонға билет



САРАБДАЛ ЗАҢҒЕР, САЛИҚАЛЫ ЗАҢТАНУШЫ

атынан хат келіпті. Онда: «сендей талапты жастар тұңғыш қазақ металлургия заводын ұлттық кадрлармен қамтамасыз ету үшін жұмылдырылып отыр. Осы металлургия саласы арқылы да оқуыңызды жалғасты-рып, биік табыстарға қол жеткізе аласыз» делініп, қысқасы, қанша майдалап, жұмсарта жеткізілгенімен, жас жігіттің өтініші қабыл-данбағаны түсінікті болған. Ал енді, осы-дан кейін бұл мәселенің нүктесі қойылған шығар, Сталиннің өзіне жазылған хатына мынандай мазмұндағы жауап алған соң, ол өз тағдырына мойынсұнып, өкімет талабынан бас тарта алмай қалған шығар дерсіз. Жоқ, тағы да олай болмай шықты, жас жігіттің әрі қарайғы қайтпас қайсарлығы, тіпті, бас шайқатады. Мүлде күдер үздіретін жағдай, «бастаушымыз – коммунистік партияның» басшыларынан осындай үзілді-кесілді хат алғаннан кейін де ол алған бетінен қайтпай, әрекетін жалғастыра берген. Бұл туралы Сұлтан Сартайұлы өз естелігінде былайша жалғастырады: «...қысқасын айтқанда, ол да мені қалаған оқуыма жібермеді, /сірә, Сталинді айтып отырған болуы керек. Д.Ә./ Бірақ, мен кім көрінгеннің ырқына көне қоя-тын жігіт емес едім. Мен енді, екінші қайтара завод директоры орынбасарының қабылда-уына бардым. Менің оқуға деген құштар-лығымды, білім алу правомды қорғаудағы табандылығымды байқап, ол кісі былай деді: «Біз былай істейік. Мен саған шаруашылық демалысын берейін, ал сен сол уақытың-ды пайдаланып, институтқа емтиханыңды тапсыр. Түсе алсаң, растайтын құжат алып кел. Мүмкін сонда ғана мен сені босата алар-мын». Одан әрі естелік авторы ақыры, емти-ханын сәтті тапсырып, 1945 жылы Алматы мемлекеттік заң институтына қабылданғаны туралы, ал, завод басшылығы оны босатып, оқуға баруға мүмкіншілік жасаудан өзге шаралары қалмағандығы туралы жазады. Осы арадағы Сұлтан Сартайұлының кімге болсын, зор тағылым қылып ұсынар өнегесі, білім мен ғылым жолына түскен жас талапқа берер ғажайып ұлағатын айрықша атап өтуге қақылымыз. Жас заңгердің болашақтағы елінің ертені үшін күрескерлік жолдары осы әрекетінен-ақ айқын аңғарылғандай. Ел келешегі, міне, осындай өжеттілікпен өркені өскен, табандылығынан айнымайтын, серті-не берік азаматтармен жарқын болары сөзсіз.

С.Сартаевтың одан арғы өмір белестері де тактайдай теп-тегіс болмай, жолы оңға-рылып жүре берді дей алмас едік. Заңгер-ға-лым өмірінің әр сәтінде өз мақсаты үшін күресе білудің жарқын үлгілерін танытып отырыпты. Ол Алматы заң институтын 1949 жылы үздік аяқтап, осымен шектеліп, қанағаттану қалмай, Мәскеу аспирантура-сына оқуға түседі. Айтуға ғана оңай шығар, көмек көрсетерліктей жасы келген қарт әке-шешесінен өзге ешкімі жоқ, сол кезде бауырлары мүлде жас болған, оған әрі қарай ізденіп, Мәскеуге аспирантураға барудың өзі үлкен тәуекелдің ісі екенін білжаймыз. Оның үстіне, соғыстан кейінгі халық басына түскен ауыртыпалық жағдайы белгілі, жас аспирант елінен жырық, бейтаныс, жат ортада жүріп, мүлде қиындыққа мойымасаң. Оған күш бер-ген, алғашқы қадамдарынан-ақ танылған ана сүтімен біткен табиғи қайсарлығы, табан-дылығы мен өжеттігі болатын. Өзінің өмір жолдары терең баяндалған естеліктерінде жол-жөнекей сөз қылып отыратынындай, ол Мәскеуде жүргенде, тамақ пен киімнің жет-кіліксіз, жоқ-жұтан жағдайында да сынып

алған екен. Бұл туралы ол өзінің Мәскеуден шығып, пойыз вагонынан еліне түсер кезін былайша суреттейді: «...осы вагоннан шығып келе жатқанымда мені бүкіл ауыл қарсы алғандай болып көрінді. Қарсы алушыларды бастап келген ананың көзіне жас үйірлді».

Оның осындай жүрек толқытар естелік-тері ойымызды әр қияға жетелейді. Жалпы, біздің ойымызша, Сұлтан Сартайұлы өз елінің бай әдебиетімен ерте ауызданып өскендіктен, шығармашылыққа өте жақын болған сияқты. Өз өмірінің маңызды сәт-терін, тағдыр белестерінде, арман асулары-нда із қалдырған оқиғаларды, шешімді іс-әре-кеттерін тізіп, қағазға түсіріп отырғандығы ұлағаттылықтың қыры деп ұғамыз. Және сол ел әдебиетіне жақындығы, өз бетінше ізденісі оның қызмет жолдарына игі әсер еткенін байқаймыз. Осы ізденімпаз қырлары кейінірек сөз қасиетін таныған шешендік-ке ұласқан. Ол Парламентте өзінің үздік шешендігімен, ұлағатты ойларымен үлкен абыройға бөленген. Даналық сөздері оның еліміздің әйгілі би-шешендері өнеге тұтып, Төле, Қазыбек, Әйтеке би сөздерінің тағылы-мымен өскендігін, жадында токи білгендігін аңғартады. Сұлтан Сартайұлының шешендік ұлағаты өз алдына бөлек әңгіме.

Өзінің ғылыми ізденісін Мәскеу қала-сында сәтті бастаған заңгер ғалымның бұл бағыттағы табысты жолдары тап осы қалада одан әрі жалғасып, ол 1970 жылы М.В.Ло-моносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде «Социалистік мемлекет-тілікті құру және Қазақстанда халық өкілдері жоғарғы органдарының проблемалары» атты докторлық диссертациясын сәтті қорғаған. Міне, осы заң ғылымындағы табысты, ме-рейлі ізденістері оның практикалық тамаша жетістіктеріне жалғасып отырды. Ол заңта-нушы ғалым ретінде 600-ден астам ғылыми зерттеу еңбектерінің, 30-дан астам оқулық пен оқу құралдары жинақтарының, сондай-ақ, 30 монографияның авторы. Оның ішінде: «Қазақ Совет мемлекетінің құрылуы мен қалыптасуы»; «Одақтас республикалардың ұлттық мемлекеттілігі»; «Қазақ КСР-нің мем-лекеттік билігінің ең жоғарғы өкілді органы»; «Ш.Уәлихановтың мемлекеттік-құқықтық көзқарастары»; «Қазақстан заңгерлерінің бейнелері»; «Ар мен дар алдындағы сөз»; «Становление Конституции КР: проблемы и перспективы»; «Қазақстан Республикасы Конституциясының қалыптасуы: проблема-лары мен болашағы»; «Қазақстан – егеменді мемлекет» сияқты көрнекті еңбектері бар. Сұлтан Сартайұлы ғылымдағы осындай зор жетістіктерінің арқасында Қазақстан мен ТМД елдері аумақтарынан әрі асып, Еуропа мен Азия елдері арасында да кеңінен танымалдыққа ие болды. Сондай-ақ, Сұлтан Сартаевтың жалпы редакциялық басшылық етуімен әкі томдық оқулық «Қазақ КСР-ның мемлекет және құқық тарихы», «Қазақ әдет-ғұрып құқығының материалдары», «Политическая и правовая история Казахстана» сияқты айтулы еңбектері өз қоғамының үлкен жетістіктері болып танылды.

Біз жоғарыда Сұлтан Сартайұлының шығармашылық қырларын бекер қозғап өткен жоқпыз, бұл оның ғылымдағы зор жетістіктеріне игі ықпалын тигізген, әрі әріптестері мен ғылыми ортада кеңінен та-нымалдығына да септік еткен жемісті сала болғандығын айрықша атап өтеміз. Оның 2002–2005 жылдар аралығында екі томдық өлеңдер жинағы жарық көрген. Сондай-ақ,

«Арнау», «Көңілім», «Елім менің», «Пар-ламентте және парламент төңірегінде туған ойлар», «Мысли рожденные в Парламен-те», «Не дано душе стареть», «Улынитесь друг-другу», «Чудо природы – человек», «Домбры дивные напевы», «Назидание» деген жинақтары оның шығармашылық қыр-ларын кен ауқымда көрсетті.

Әрине, ғалымның шығармашылығын жорта көтеріп, әдебиетіміздің классикалық дүниелері қатарына жатқызу әбестік болар еді, ол кісінің өзінде де ондай ниет мүлде болмаған. Біз бұл дүниелермен таныса кел-генде, ғұмыр жолына пәлсапалық дүниәуи көзқарастармен мән берген ғалымның өз ойларын қағазға үзбей түсіріп отырғаны оның жан-жақты ауқымдылығын аңғартқан-дай. Мысалы, ғылымдағы ізденгіш, ойшыл адамның поэзиялық туындыларын Шығыс және түркі шайырларының, Омар Хайям, Рудаки, Жүсіп Баласағұн үлгісінде жазған-дағы заңдылық сияқты. Мысалы оның өмір туралы тәмсілі адамға үлкен ой салардай және оның өзінің өмірлік ұстанымынан хабар беретіндей:

*Өмір деген – алып күш,
тас бұғауды бұзатын.
Басса да жерді қалың мұз,
жарып оны шығатын.
Әлсізбін деп қорланба,
сүйе білсең өмірді.
Орынсыз жерден арланба,
біле білсең жөңіңді.
Өмірге деген ынтылық,
иіпке де әлсіз күш берер.
Құштілігі соншалық –
жолында жатса тас тесер.
Кейде шыар емендер,
бііктеп тұрған жартасқа.
Неге шықты дөмендер,
таптаандай жер басқа,
Мықтылығын өмірдің білсін деп тұр
менмендер!*

Сұлтан Сартайұлы өз өмірі арқылы осы адал ұстанымнан таймағандығын дәлелдеп өткен адам, демек, оның поэзиясы өмірімен ұштасып жатқан нағыз сыншылық поэзия! Сондай-ақ, оның Парламенттің кезекті мәжілісінде ана тілі туралы талқылау жүріп жатқанда өз сөзінде ойын қорыта келіп, оқыған өлеңі билік иелері мен депутаттарды дүр сілкіндіріп, сол күні ана тіліміздің мерей-ін асырып, жоғары мәртебеге ие болуына зор ықпалын тигізгендігін әріптестері осы күнге дейін аңыз қылып әңгімелейді екен:

*Ана тілді білмейуің –
ананың арын төккендей.
Оны бұзып сөйлеуің,
өзіңді-өзің сөккендей.
Тілде олқылық бой алса,
тым алысқа бармассың.
Ана тілің жойылса,
қазақ болып қалмассың!*

Өзінің мемлекеттік мәні зор қызметі мен ғылымын поэзиясымен, жалпы шығар-машылық ізденістерімен ұштастыра білген Сұлтан Сартайұлының осыншалық жан байлығы, жан-жақты қырлары, тынымсыз ізденісте болғандығы әркім үшін зор ұлағат.

С.Сартаев шығармаларының айрықша көңіл бөлетін бір ерекшелігі – афоризмдік ғиратты сөздер, ұлағатты тұжырымдар құрастырып, оны өмірлік мақсаттарымен, қызметімен ұштастырып, пайдалана білген-дігі. Бұл орайда, оның 2003 жылы «Парла-ментте және Парламент төңірегінде туған ой түйіндері» атты философиялық тұжырымда-

рының ой түйіндері маңызы зор, аса құнды еңбек дер едік. Бұл еңбектер «Ой түйіндері» деп ықшамдалған атаумен кітап болып та шыққан, сонымен бірге, елімізде шығатын газет-журналдарға да басылып, оқырмандар арасына кең тараған. Бұлардың тақырыбы да адам өмірі үшін зор маңызды мәселелерге құрылған. Солардың бірнешеуіне тоқтала кетейік. Мысалы, ол саясат туралы толғана келіп, бұл құбылыстың қоғам үшін қанша-лықты күрделі де маңызды екенін, өмірдегі саясатқа байланысты туатын қайшылықтар-ды атап көрсетеді: «Кейде саясат мөлдіреген сүтпен тең, кейде, ашыған айранмен тең. Ал кейде, ашыған айранға тең болғанымен, оны төге салуға тағы болмайды, оның зардабы көп». «Саясат – адамның өмірінен қымбат емес. Мақсат – басыңды беретін саясат емес». «Саясатта ұйықтап қалмаймын десең, сеніменен айтаса алатын саясаткер болуы керек». «Пікірталас жоқ жерде – ақиқатқа жол жоқ». Бұл афоризмдерінде ғалым өзінің кең масштабта, мемлекеттік, елдік деңгейде толғана алатын даналық кемел ойларын алға тартады.

Сұлтан Сартайұлының шығармашы-лықтағы үлкен бір қыры – сыншылдығы, өткір сатиралық түйіндері арқылы терең ой айта білетіндігі. Әсіресе, Парламент құра-мында жүргенде ол философиялық тақырып-қа ден қойып, оны сатирамен ұштастырып отырған. Оны ортасында мойындатқан да, тіпті, ескендірген де осы сыншыл афо-ризмдері болатын: «Кімнің – кім екенін білгің келсе, Парламентке бар». «Әлсіз Парламент – өлген арыстанмен тең». «Сая-саткерлердің ішінде – арыстан да, түлкі мен мысығы да бар».

Әрине, мәдениетті адам сыпайыгершілік-тен асып, ешкімнің бетіне сен пәленсің деп тура айтпаса да, дәл осындай ашы тұздықты сөздер әркімді селт еткізері сөзсіз. Ал, біздің қоғам үшін керегі де осы – өткір сын, бұл тіпті, адамзаттық мүлде, оны қорғаушы-лардың ізгі ниеті – сол арқылы адамшылық осалдыктарға жол бермеу. Ғалымның қорға-сындай салмақты ойларын жалғастыра түсейік: «Парламент сүрінсе – халық дір ете қалады», «Парламент сүрінді дегенше, Президенттің заңды күші бар жарлықтарына жол ашылды де!», «Парламент ұйықтап кетсе бар билігінен айрылады», «Парламент сүрін-ді дегенше – қуылды де!», «Парламент кей жағдайда іс орталығы емес – сөз орталығы», «Парламенттің әлсіздігі оның правосының жетіспеуінде ғана емес, бұл праволарды жетістіріп пайдаланбауында», «Парламент спикерлері, кейде, қойларын қайтара алмай жүрген қойшыларға ұқсайды», «Қырсыз Парламент – халыққа қымбатқа түседі», «Парламент – тек қана заң қабылдайтын орган емес, ол елдің барометрі болуы керек», «Парламенттің негізгі өнімі – заң екенді-гі сөзсіз. Мұнда асығыстыққа жол жоқ», «Толғағы жетпеген заңның – өмірі қысқа», «Қуш қолданылса – заңның өздігінше іске аспайды», «Заң көзге шашқан шаң болмай, халықтың мүддесін қорғауы тиіс», «Заңды бұзушы – қоғам игілігіне қарсы шығушы».

Сұлтан Сартайұлының осы бір кеменгер-лік сөздері әрқилы ойларға жетелейді. Біздің пайымдауымызша, ол мемлекеттік дәрежедегі ірі қайраткер, заңгер әрі заңтанушы ғалым ретінде бірінші кезекте, мемлекеттік тұғы-рымыздың мықты болуы үшін, ең алдымен, Парламент пен заңның беделі жоғары, ықпал-ды күшке ие болуы керек екенін үнемі басты

орындағы мәселе қылып тартып отырған. Әсіресе, Парламентті сынап отыруы, оның кемшілік іздеуі немесе тырнақ астынан кір іздеуі емес, керісінше, оның абырой-беделін көтеру, қайрау тұрғысынан туындаған деп ойлаймыз. Сондай-ақ, ғалым Парламент пен заңның біртұтас ортақ мүлде үшін күресуі, бір-бірімен тығыз байланыста болуы керекті-гін осы афоризмдері арқылы да үнемі еске са-лып отырған сияқты. Мысалы, оның: «саясат пен заң бір-бірімен ағайындас, өйткені, екеуі белгілі бір топтардың мүддесін қорғайды» деген сияқты тұжырымы заңгер ғалымның тура осындай мүддесін танытардай.

Оның әділ билік жайында айтқандары қай уақытта да маңызын жоймауға тиіс. Тіпті, Сұлтан Сартайұлы әділ билік туралы армандап, оны үнемі халықтың ең биік бақы-ты деп тануға мензеп отырғандай. Үніліп, ой жүгіртіп көрейікші: «Шынайы билік – біреуді қуантады, біреулерді түңілтеді, әдетте оған қуанатындар – шындықты қырғидай қорғай-тындар, ал айлалары іске аспай қалғандар – түнеріп, бармақтарын шайнайды», «Биліктің күшті де, әлсіз жақтары да болады, егер билік ақылды адамның қолына тисе – халық игілі-гіне қызмет етеді, ал биліктің басына қатал жендет келсе, халық одан рақымшылық күте алмас», «Таққа мінген адамның тағдыры асау атқа мінген батырдың тағдырындай. Батыр, кейде, аттан өзі түссе, кейде, зорлықпен, не қорлықпен түсер», «Ханның да ең соңғы ба-ратын мекені – қара жердің қойыны», «Сая-саткерлер ішінде, саяси сіркелер де бар», «Саясаткерлер – кейде, өмір театрының белді қайраткері, кейде, суфлердің сөзін күткен нашар актерге ұқсас, керауыз саясаткер», «Депутат – кейде, сайраған бұлбұлмен тең, кейде, жалқы жүрген қозымен тең, кейде, көздеп атқан мергенмен тең», «Әкім болуға жарамағандар – депутат болуға жарайтын көрінеді», «Қазіргі Парламенттің кейбір де-путаттары иілуді жақсы ұққан депутаттар», «Парламентті – Парламент ететін ой-өрісі кең депутаттар», «Ақыл-ойы тар депутат – арқа-жоңы жоқ шыбын-шіркейге тең», «Де-путат деген лауазым ақыл қоспайды», «Есе-кті қанша жоғары көтеріп отырғызғанмен, есек болып қала береді», «Есектің отырған жері төр болмайды».

Сұлтан Сартайұлының қай афоризмдік тұжырымын алсақ та мірдің оғындай дөп тиер мінсіз өткірлікті, қоғамының қатал сын-шысына тән сарапшылдықты байқар едіңіз.

Сұлтан Сартайұлы шығармашылығының пәрменділігі, қуаттылығы сол, осындай өткір сынын үлкен мемлекеттік тұғырдан айта білді, Парламент мінбесінде қозғай білді, оның артықшылығы да, сөзінің салмағы мен құндылығы да осында!

Жарықтық, дана Абай «қайран сөзім қор болды, Тобықтының езіне!» деп, өз заманы-нда «қалың елі қазағы, қайран жұртына» айтар асыл сөздерін өзінің ағайын руласта-рына өткізе алмай, адал ниетіне көздерін жеткізе алмай, жан күйіп, шыққырап, қор болып өмірден өткен ғой! Әрине, Сұлтан Сартайұлы – Абай деңгейлес классик акын, философ болмаса да, халқына қажет сөзді, өткір сынды, әсіресе, Парламент мінбесінен айта алған, адалдық пен әділдіктің сөзі ай-тылуға тиіс жерде, әлдекімдердің шымбайы-на батырайын білсе де, айылын жимай, үнсіз қалмаған. Сондықтан да біз, оның шығар-машылығы атағын шығару емес, ол кісі оны қайтсын, атақ-даңқы бір басынан жетіп-ар-тылады, елдік мүддеден туған қажеттілік деп ұғамыз. «Айтпаса, сөздің атысы өледі» дегендей, ғалым халық мүддесін тиісті орын-да, биік тұғырдан көтере білген. Ғалымның шығармашылығында дана Абайдың әсері, халықшылдығы, сыншылдығы жоқ деп кім айта алар. Абайдың «артына өлмейтұғын сөз қалдырғандығы да» осы емес пе?!

Кезінде, ол кісі елімізге әбден таны-мал, зор беделге ие болған шағында осы Жаңақорған ауданының орталығында өз қаражатына мешіт салдырып, әрі елімізде көп бала табуымен әйгіленген анаға арнап, сол кісінің есімімен «Үміт ана» деп атап көрнекті ескерткіш орнатқанда, республи-калық баспасөздерде академиктің бұл туған еліне көрсеткен зор құрметі, жомарт пейіл азаматтығы туралы көп жазылған болатын. Бұл да екінші бірінің қолынан келе бермейтін оның өзіндік дара қасиеті. Олай дейтініміз, кейбір атағы дардай, соған арқа, мүмкіндігі де зор адамдардың өз еліне тек атаулы мерей-тойларында ғана шіреніп келіп, сый-сияпат дәмәтетіндері өмірде аз кездеспейді.

Халқымыздың аса көрнекті тұлғалы заңгері, академик Сұлтан Сартаевтың сегіз қырлы, бір сырлы, жан-жақты, кемел қасиет-тері туралы баянымызды шексіз жалғастыра беруге болар еді. Осыншалық шалқар дария ағысты заңгер-академиктің, білікті заңта-нушының санқырлы еңбегін тауысып бітер емеспіз, осы арадан аялдауға тура келер. Сөз соңына қарай, академиктің журналист сұхба-тына берген жауабымен ойымызды қорытқы-мыз келеді. Ол журналисті: «Адам бойын-дағы қандай қасиетті бағалайсыз?» деген сұрағына: «Адалдықты, туралықты, қоғам алдындағы және өз алдындағы моральдық тазалықты қастерлеймін. Мен арамзалықты, жалғандықты және топастықты жан-тәнім-мен жек көремін» / «Страна и мир.» 2004ж 30 шілде./ деп жауап берген екен.

Сұлтан Сартаевтай биік деңгейлі тұлға-мыздың өмір жолдарына ой көзімен үңілген әрбір адам, біз мүмкіндігімізше, азы-көпті сараптап шыққандай, оның осы адамгершілік қасиеттерінен айнымай, ел, қоғам алдында адалдық пен әділдікті, байырғының пара-сатты билерінше, турашылдықты ту етіп, халқына беріле қызмет етіп, өмірден таза отқандығыне көзі әбден жетері анық деп ой түйеміз.

Досқан ӘМІР,
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы

АЖЫРАСУ — ҚИЫНДЫҚТАН ШЫҒАР ЖОЛ ЕМЕС



ҚР Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы кодексінде ана, әке және баланың мемлекет қорғауында болатыны, ондағы еркек пен әйелдің некелік одағының еріктілігі, отбасындағы ерлі-зайыптылар құқығының теңдігі, олардың ішкі ісіне ешкім араласуға құқығы жоқтығы, балалардың отбасында тәрбиелену құқығы мен олардың толыққанды өсіп жетілуіне басымдық берілетіні айтылады. Мемлекет әрбір қазақстандықтың бақытты отбасы болуына барынша жағдай жасап, әлеуметтік, рухани жағынан өсуіне жәрдемші болуда. Өкінішке қарай отбасын сақтау, жанұядағы береке-бірлікті қалыптастыру, үлгілі отбасына айналу принциптері елімізде кейінгі кездері әлсіреді. Статистика соңғы жылдары ажырасушылар санының алдыңғы жылдарғы көрсеткішке қарағанда бірнеше мәрте өскенін көрсетуде.

Қазақ ежелден шаңырақтың шайқалмауына, отбасының іргесі сөгілмеуіне көңіл бөліп, оны асқан жауапкершілікпен қадағалаған. Ата-ана, бала-шаға алдындағы міндет пен парызды перзентіне кішкене күнінен айтып, оның жадысына сіңісті қылған. Алайда, соңғы жылдары осы тәрбие мен ұстаным өзгерді. Некені бұзу — ойланбай қабылдана салған шешіммен бірдей. Өйткені, ол ерлі-зайыптының бір-бірінің ғана емес, баланың алдындағы жауапкершілігі, міндет, парызы.

Отбасының шайқалуынан ең алдымен зардап шегетін — бала. Үйдегі ұрыс-керіс, ата-анасының айырылысуы балаға тек психологиялық қана жара салмайды, ол баланың өмірін түбегейлі өзгертеді. Үйінен кету немесе ата-анасының біреуімен қалу, жаңа ота, әкесіз немесе анасыз өмір сүру, отбасылық өзге де проблемалар баланың өмірге деген құлшынысын жойып, әртүрлі бақытсыздықтарға душар етеді. Рухани күйзеліске түсетін баланың сыртқа қашуы, өзіне жат әртүрлі жаман әдетті үйренуі осы кездерде болады. Жартылай отбасының жыртығы жамалы қиын. Біздің практикадағы көп мәселеде бала көбіне анасымен қалады. Әкесі алимент

төлеуден жалтарып, балаларынан ресми болмаса да, бейресми бас тартады. Жалғыз анасының табысы жарты отбасын асырауға жетпейтіні де баланың психологиясына салмақ. Ажырасудың ең үлкен қателігі мен қиындығы осында.

ҚР Конституциясының 27-бабы 2-бөлігінде «балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу — ата-ананың етене құқығы, әрі міндеті» деп көрсетілген. Ерлі-зайыптылар ажырасуға шешім қабылдар тұста осы заңдылықты естен шығармаса дейміз. Рас, ажырасу, неке бұзу заңдық негізде ешқандай қылмыс, ешқандай заңдық жауаптылық емес, бірақ жанұясын сақтау, отбасын кадрлеу азаматтық қоғамның саналы әрбір азаматының ішкі байлығы, жеке құндылығы. Өзін өзі сыйлайтын әрбір азамат бала-шағасын жылатып, әйелін немесе ерін бақытсыздыққа душар етпейді. «Отан отбасынан басталады» деген сөзді жиі айтуымыз тегін емес. Отбасы — шағын Отан.

«Ашу — дұшпан, ақыл — дос» дейді тағы бір халық даналығы. Ерлі-зайыптылар отбасында осы қағиданы ұстанып, бір-бірін құрмет тұтуы тиіс. «Үйлену оңай, үй болу қиын» деудің негізі осында. Отбасы жауапкершілігі оның уығын бірге қалаған екеуге ортақ. Ендеше, оның ары қарайғы гүлденуі мен көркеюіне, сәуелі, мәуелі болуына атсалысу да ерлі-зайыптыға ортақ міндет. Демек, ажырасу, некені бұзу қиындықтың, ауыртпалықтың шешімі емес. Ажырасуға асығу үлкен қателіктерге бастайды. Отбасын сақтау — шағын отанын кадрлеу, ұрпағын салауатты, саликалы етіп тәрбиелеу. Сондықтан ажырасуға шешім қабылдамас бұрын осы жауапкершіліктердің бәрін сүзгіден өткізу парыз. Неке — қасиетті ұғым. Ендеше, некені бұзуға асықпаңыз! Ақылмен қабылданған шешім ғана ерлі-зайыптының одағын сақтайды.

Э.АСУБАЕВА,
Алақол аудандық сотының
торағасы
ЖЕТИСУ ОБЛЫСЫ

ТІЛ — ТЕНДЕССІЗ БАЙЛЫҚ

Тіл — ұлттың ұлы игілігі, әрі оның ажырамас бөлігі. Қандай да бір халықтың болмысы, өркениеті, санасы, кең мағынасындағы сауаттылығы тіл мәдениетімен, сол тілдің қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді. Еліміз егемендік алып, ана тіліміз мемлекеттік мәртебеге ие болғалы бұл мәселе алға ілгерілеуде. Белгілі бір тілдің мемлекеттік мәртебеге ие болуы оңай міндет емес, себебі, ол тіл сол мемлекеттің иесі болып отырған халықтың мүддесінен шығып, барлық саладағы мұқтаждығын өтей алатын дәрежеде болуы шарт.

Сот ісін мемлекеттік тілде жүргізудің мәні зор. Өйткені, ол тілді сот ісін жүргізу тіліне айналдыру қағидатын іске асыру арқылы азаматтардың бәрінің ұлтына қарамастан сот алдында тең екендігін дәлелдейді.

Қазақстанда сот істерінің басым бөлігі қазақ тілінде жүргізіледі. Құқықтық тұрғыдан алғанда да заңдылық осындай.

Әлемдегі барлық өркениетті елдердегідей мемлекеттік басқару жүйесінде қызмет істейтіндердің бәрі бұл тілді білуге міндетті. Онсыз ол мемлекеттік тіл болып есептелмейді. Конституциялық талап осы. Оған қоса мәдениеті жоғары адам ана тілін, мемлекеттік тілді кадрлеп, білуге өзі де ұмтылуға тиіс-ті.

«Ана тілін білмейтін адам мәдениетті адам санатына қосылмайды», — деп М.Әуезов айтқандай, тіл — аса кадрлеп ұстайтын теңдессіз байлық. Оны білмеу — өзімізге сын.

А.АЛИМАНОВА,
Қарақия аудандық сотының бас маманы
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ

Отбасындағы береке-бірлік, ырыс-ынтымақ қай кезеңде де өзекті. Әсіресе, бүгінгідей алмағайып заманда «шағын отанның» қадірін түсінген жөн.

ШАҢҰЫРАҚ ШАЙҚАЛМАСЫН ДЕСЕК...

Отбасы құндылықтары қазақ халқында әу баста өте жоғары болатын. Халық ажырасуды сүйекке таңба, бетке шіркеу деп есептейтін. Тентегін ата-ана өзі-ақ жөнге салып, ер азаматтың отағасы ретіндегі орнын анықтап беретін. Әрине, жаңа заманмен бірге халықтың таным-түсінігіне жаңа ұғым, жаңа құндылықтар енді. Сапалық тұрғыда нашарлай бастаған отбасы баланың жауентекөзіне де, ертеңгі болашағына да алаңдауды қойды. Ерлі-зайыптының этосы дәстүр сабақтастығы мен мықты қазақы отбасылық таным-қағидаттарды айналып өтті.

Нәтижесінде отбасылық даулар саны арта түсті. Сотқа келіп түсетін отбасылық дауларға жүргізілген талдаудан некені бұзу туралы іс барлық істер санатының 25 пайызын құрап отырғанын байқатады. Бұл аз көрсеткіш емес. Еліміздегі әлеуметтік ахуал мен экономикалық құбылмалы көңіл-күй де отбасының беріктігіне үлкен сынақ болып тұрғаны белгілі. Бұған қоса, бала алдындағы, ата-ана мен ерлі-зайыптының алдындағы моральдық жауапкершіліктің әлсіреп жатқанын да көруге болады.

Шаңырақтың шайқалуына себеп болып отырған жағдайлар мыналар: Жұмыссыздық, ер азаматтың отбасын материалдық тұрғыда қамтамасыз етпеуі; Ерлі-зайыптылардың мінез-құлықтарының келіспеушілігі; Жұбайының ішімдікке салынуы; Құмар ойындар ойнап, отбасының берекесін алу жағдайлары; Отбасылық мәселелерге ата-енесінің, қайын апа, қайын сіңілілердің араласуы; Отбасындағы сатқындық; Зорлық-зомбылық.

ҚОҒАМ ДАМУЫНЫҢ КЕПІЛІ

Қазақстандағы ішкі саясаттың бір құрылымы ретінде «гендерлік саясат» деген ұғым көп мәселелерді көтеріп жүр. Ал гендер дегеніміз не? Гендер дегеніміз — ерлер мен әйелдердің мінез-құлқын, сондай-ақ, олардың арасындағы әлеуметтік өзара қарым-қатынасты айқындайтын, олардың әлеуметтік және мәдени нормалары мен рөлдерінің жиынтығы.

Гендерлік саясат — қоғамдық өмірдің барлық салаларында ерлер мен әйелдердің теңдігіне қол жеткізуге бағытталған мемлекеттік және қоғамдық қызмет. Әлемдегі әрбір мемлекет өзінің Конституциясына сәйкес сыртқы және ішкі саясатпен айналысатыны белгілі. Өзінің атауы айтып отырғандай, сыртқы саясат — шет мемлекеттермен жүргізілетін қарым-қатынас, ал ішкі саясат — мемлекеттің тәуелсіздігін нығайтып, жаһандану процесінен қалмай, алға қарай даму үшін қажетті тетіктердің бірі. Соңғы жылдары ішкі саясат-

Президент Қ.Тоқаев өзінің кешегі жолдауында тұрмыстағы зорлық-зомбылық мәселесіне айрықша тоқталып өткені белгілі. «Отбасылық зорлық-зомбылықты қылмыс санатына жатқызу мәселесі қоғамда көптен бері талқыланып жүр. Құқық қорғау органдары бұл ұсыныстың дұрыс екеніне күмәнмен қарайды. Себебі, мұндай тұрмыстық жағдайларды анықтау оңай емес, яғни осындай оқиғаларды тергеп-тексеру қиынға соғады. Бұл сөздің де жаны бар. Бірақ, қалай десек те, отбасылық зорлық-зомбылыққа көз жұма қарауға болмайды. Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады. Мұндай әрекеттер үшін жазаны күшейтетін кез келді деп санаймын. Зардап шеккен жандар елдің сөзінен немесе біреудің қысым жасауынан қорықпауы қажет. Сондықтан, полиция қызметкерлері олармен өте мұқият жұмыс жүргізіп, тиісті шаралар қолдануы керек» — деді Мемлекет басшысы.

Сондықтан қазіргі таңда қоғам болып отбасы институттарын нығайту, олардың береке-бірлігін, татулығын арттыру мақсатында көптеген жұмыстарды атқару қажеттігі туындайды.

Азаматтық істі қарар барысында некелік қарым-қатынастарды сақтап қалу мақсатында татуласу үшін берілген мерзім, өкінішке орай, нәтиже бермей, некенің бұзылуына әкеп соғып жатады. Қазақ: «Ұяда не көрсен ұшқанда, соны ілерсін», «Ата көрген, оқ жонар, Шеше көрген тон пішер», «Кішіге ізет, үлкенге құрмет», «Атаға не қылсаң, алдыңнан сол келеді», «Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап



Снежана ШУКУРОВА,
Ақтөбе қалалық сотының судьясы

қыз өсер» деген көптеген өлшемдерді ежелден бала санасына сіңірген.

Бұл орайда аталған ұлы сөздердің мағынасын отбасын құрған азаматтарға барынша түсіндіріп, отбасылық құндылықтарды дәріптеп жүрген өмірлік тәжірибесі мол медиторлардың еңбегін атап өтпеске болмайды. Қаншама отбасы олардың жүргізген шараларының арқасында шаңырақтарының шайқалуына жол бермей, некесін сақтап қалуға бел буды.

«Отбасы — қоғамның алтын діңгегі». Дені сау ұрпақ, көңілі шат жеткіншек қана мемлекеттің ертеңгі саналы тірегіне айнала алады. Отбасы күйреп, қамкөңіл, шеркөкірек боп өскен баладан қандай толыққанды, психикасы мығым азамат шығады?! Ендеше, «Мерейлі отбасы», «Бақытты жанұя», «Үлгілі әке» секілді әлеуметтік бағдарламалар кешенді түрде жалғасын тауып, жаңа бағдарламалар қабылданып, отбасы құндылықтары әр салада әртүрлі формада насихатталып, отбасы институттарының жұмысы күшеюі қажет.

Ең алдымен әр қазақстандық отбасының бүгінгі бағыты «саналы ұрпақ», «білімді бала», «бәсекеге қабілетті ұлт», «бақытты отбасы» өлшемдерін ұстану керек деп есептеймін.

РАЙТМАМБЕТОВА,
Маңғыстау облыстық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы—сот мәжілісінің хатшысы

ЖЕГІҚҰРТТЫҢ ЖЕТЕГІНДЕ КЕТПЕЙІК!

Жемқорлық — мемлекеттің дамуын тежейтін кесел. Бұл — қоғамдағы өзара сенімге, жалпы мемлекетіміздің, қауыпсіздігіне қатер төндіретін құбылыс.

Елде «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заң талабының аясында жемқорлыққа қарсы іс-әрекеттер әр салада жүзеге асырылуда. Әсіресе, халық парақорлық дертімен жиі бетпе-бет келеді. Сондықтан, кез келген ортада пара беру мен пара алудың жолын кесуде қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Парақорлық мемлекеттік органдардың тиісті қызмет атқаруына кері әсерін тигізіп, беделіне нұқсан келтіреді. Занды қағидаларды теріске шығарып, азаматтардың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына түрткі болады. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» заңға сәйкес, сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдар мен онда қызмет атқаратын лауазымды тұлғалар жүргізуі тиіс. Мемлекеттік мекемелердің, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттігі шегінде кадр, бақылау, жангерлік және өзге де қыз-

меттерін жүргізе отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы білім беру — тұлғаның адамгершілік, зияткерлік, мәдени тұрғыдан дамуы және сыбайлас жемқорлықты қабылдамаудағы белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру мақсатында жүзеге асырылатын, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесі.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлық қылмыстар және осы тұрғыдағы құқық бұзушылықтарға бой алдыруының себебі көп. Оған ең алдымен қызметшілердің білім деңгейінің, әдептілік ұстанымының төмен болуы әсер ететін болса керек. Кей мемлекеттік қызметшілердің құқық бұзушылыққа немқұрайлылық танытуы, кәсіби әдептілігінің жетіспеуі де, жеке басының қамын ойлауы да парақорлықтың дендеуіне септігін тигізуде. Сондай-ақ, кейбір мемлекеттік орган басшыларының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң талаптарын атқаруда ынта танытпай, жұмыс жүргізеуі де жемқорлықтың тамырын тереңдете түседі.

Осы мақсаттағы жұмыстарды жүйелі жүргізуге тағы бір серпін ретінде «Қазақстанда қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту және құқық қорғау қызметін одан әрі жетілдіру жөніндегі қосымша шаралар туралы» ҚР Президентінің жарлығы қолданысқа енгізілген. Бұл жарлық еліміздегі құқық қорғау органдары қызметтерін жетілдіруге бағыттала отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекеттермен олардың пайда болуының алдын алуда жүйелі, әрі тұрақты шаралар атқаруды қамтамасыз етеді. Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес ең өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоюға шығаратын, ұлттық қауыпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстанның мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы дертпен күресу.

С.МУХАНОВ,
Мұғалжар аудандық сотының аға сот приставы, құқық магистрі
АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ

БІЛГЕН ЖӨН

ЕЛІМІЗДЕ 2018 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН БАСТАП «ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫ ТУРАЛЫ» ЗАҢДЫ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛІП, 2020 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ЖӘБІРЛЕНУШІЛЕРГЕ ӨТЕМАҚЫ ТАҒАЙ-ЫНДАЛЫП ТҰРАДЫ.

Нақты мәліметтерге сүйенер болсақ, Жетісу облысы бойынша полиция департаментіне 8 жәбірленуші өтемақы тағайындау туралы өтініш беріп, оларға жалпы 1 102 680 тенге көлемінде өтемақы төленген.

Бүгінгі күні прокуратура органдары қызметкерлері ауқымды заңды түсіндіру жұмыстарын жүргізу нәтижесінде 34 жәбірленушінің өтемақы тағайындау туралы өтініші қылмыстық қудалау органдарына тіркеліп, 4 миллион теңгеден астам қаржы өтемақы ретінде төленді. Сонымен қатар, азаптау дерегі бойынша 5 азаматтың өтініші тіркеліп, қаралу үстінде.

ӨТЕМАҚЫ ҚОРЫНАН ҚАРАЖАТ ТӨЛЕНУІ ТИІС

Ал енді, Заңның нормаларына қысқаша тоқталсақ, оның негізгі мақсаты – жәбірленушінің құқықтарын дер кезінде қалпына келтіру. Егер бұрын жәбірленушіге келтірілген залалдың орны үкім заңды күшіне енгеннен кейін ғана толтырылса, қазір кінәлі адам ұсталмай тұрып, жәбірленушінің шығынын өтеу үшін бір реттік материалдық көмек көрсетіледі.

Атап айтқанда, жәбірленушілердің үш санатына өтемақы төленеді. Бірінші санат – сексуалдық зорлық-зомбылықпен байланысты қылмыстар бойынша кәмелетке толмаған жәбірленуші, адам саудасымен және азаптауларға байланысты қылмыстар бойынша жәбірленуші адамдар. Өтемақының мөлшері – 30 айлық есептік көрсеткіш.

Екінші санат – денсаулығына ауыр зиян келтірілген не адамның иммунитетшілдігіне вирусын (АИТВ/ЖИТС) жұқтырған адамдар. Оларға төленетін өтемақының мөлшері – 40 айлық есептік көрсеткіш.

Үшінші санат – жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, жәбірленушінің құқықтары берілген адамдар. Өтемақының мөлшері – 50 айлық есептік көрсеткіш.

Өтемақы тағайындау мынадай құжаттар негізінде жүргізіледі:

– жәбірленушінің не жәбірленуші құқықтары берілген адамның өтініші;

–жәбірленушінің жеке басын қуаландыратын құжаттың не өтемақы алуға жәбірленуші құқықтары берілген адамның жеке басын және құқығын растайтын құжаттардың көшірмелері;

–жәбірленушінің не жәбірленуші құқықтары берілген адамның банктерде және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банктік шотының нөмірі туралы мәліметтер;

– қылмыстық процесті жүргізетін органның адамды жәбірленуші деп тану туралы қаулысының көшірмесі;

–жәбірленушінің денсаулығына келтірілген зиян-

ның сипаты мен ауырлық дәрежесін растайтын құжаттың көшірмесі;

– жәбірленуші қайтыс болған жағдайда, оның қайтыс болуы туралы куәліктің немесе жәбірленушінің қайтыс болғанын растайтын өзге де құжаттың көшірмесі.

Егер Сіз жоғарыда аталған қылмыстар бойынша жәбірленуші деп танылсаңыз, үш жылдың ішінде қылмыстық қудалауды жүзеге асыратын, өзіне қатысты өтемақы тағайындауға құзыретті мемлекеттік органға өтінішпен жүгінуге құқылы екендігіңіз ескертіледі.

Өтемақы қорынан қаражат алу мәселесі туындаған жағдайда Жетісу облысының прокуратурасына (7282)24-17-91 хабарласа аласыздар.

Қанат НҰХАЕВ,
Жетісу облыстық прокуратурасының басқарма бастығы

ХАБАРЛАНДЫРУ!

Қазалы ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсты өткізу жөніндегі қосымша хабарламаны тиісті облыс шегіндегі аудалдарын, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарында және орталық үкілетті органдарының интернет-ресурсында жарияланған.

Конкурса қатысуға өтінімдерді қабылдау Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекен-жайында орналасқан «Қазалы ауданының жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2022 жылдың 31 қазан сағат 900 - ден бастап 2022 жылдың 11 қазан сағат 19:00-ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізілетін орны Қазалы ауданы, Өйтеке би кенті, Жанқожа Нұрмұхамедұлы көшесі №130 мекен-жайындағы Қазалы ауданы әкімдігінің мәжіліс залы 2022 жылдың 14 қараша күні сағат 10:00-ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын қуаландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын қуаландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп таныған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурса қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының үкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады.

Байланыс телефоны: 8(72438) 79-2-80, ішкі нөмір: 6971

Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурса шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі									
№	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Жер учаскесінің бағалық жағдай алу құны (тенге)	Топырақтың сыпаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бөніп-тет балы	Сумел қамтасыз етулі мүмкіндігі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
1	Қазалы ауданы, Алға ауылдық округіне қарасты «Бірқазан» учаскесінен	50,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	33 250	Сұр қоңыр	Жайылымы 45,0 га Басқа алқаптары 5,0 га	4 балл	Бар
2	Қазалы ауданы, Шәкен ауылдық округіне қарасты «Жұан төбе» мен «Қарасу» учаскелерінің аралығынан	500,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	266 000	Сұр қоңыр	Жайылымы 450,0 га Басқа алқаптары 50,0 га	4 балл	Жоқ
3	Қазалы ауданы, Құмжіек ауылдық округі, Шоқпар учаскесі	200,0	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	66 500	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Жоқ
4	Қазалы ауданы, Аранды ауылдық округі, «Мынбай» учаскесі	400,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	266 000	Сұр қоңыр	Жайылымы 360,0 га Басқа алқаптары 40,0 га	4 балл	Бар
5	Қазалы ауданы, Алға ауылдық округі, «Айтбай» учаскесі	250,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	99 750	Сұр қоңыр	Жайылымы 135,0 га Басқа алқаптары 15,0 га	4 балл	Бар
6	Қазалы ауданы, Өркендеу ауылдық округі аумағындағы «Ақсалма Жайғанқа» учаскесінен	50,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	33 250	Сұр қоңыр	Жайылымы 45,0 га Басқа алқаптары 5,0 га	4 балл	Бар
7	Қазалы ауданы, Құмжіек ауылдық округіне қарасты «Өтебіс» учаскесінен	200,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	106 400	Сұр қоңыр	Жайылымы 180,0 га Басқа алқаптары 20,0 га	4 балл	Жоқ
8	Қазалы ауданы, Өркендеу ауылдық округі аумағынан	100,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	66 500	Сұр қоңыр	Жайылымы 90,0 га Басқа алқаптары 10,0 га	4 балл	Бар
9	Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округіне қарасты «Байсалбай» учаскесінен	300,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	199 500	Сұр қоңыр	Жайылымы 270,0 га Басқа алқаптары 30,0 га	4 балл	Бар
10	Қазалы ауданы, Майлыбас ауылдық округіне қарасты «Тайсойған» учаскесінен	400,0	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	266 000	Сұр қоңыр	Жайылымы 360,0 га Басқа алқаптары 40,0 га	4 балл	Жоқ

ӨРТУРЛІ

2. «Костанайский мелкомбинат» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-мен (бұдан әрі - «Банк») Қоғам арасында жасалған 2020 жылғы 20 қарашадағы Кредит желісін беру туралы № СІ.100124189402N1 келісім бойынша берілген кредиттік желі лимиті мөлшерінің ұлғаюына байланысты Банкінен ірі мөміле жасасуы туралы Қоғам акционерлерінің жалпы жиналысы (2022 жылғы 10 қазандағы № 15-А хаттама) шешім қабылдағанын хабарлайды. Толық ақпарат алу үшін Қазақстан Республикасы, 110001, Қостанай облысы, Қостанай қаласы, Наримановская көшесі, 136/1 (тел. 8 (7142) 74-44-12) мекенжайына хабарласуыңызды сұраймыз.

3. «Алматы қаласы экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы» КММ 21.10.2022-27.10.2022 ж. аралығында Бірыңғай экологиялық порталында «Қонаев атындағы УАК гидротехникалық құрылымдары жобаларының ЖСҚ әзірлеу» атты Жобасы бойынша жария талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Нысандардың әсері - аумағы жақын жерде орналасқан Алматы қаласының Алатау, Жетісу, Медеу, Түркісіб аудандары. Жұртшылық өкілдері қоғамдық тыңдау материалдарымен Бірыңғай экологиялық порталы <https://ecoorportal.kz/> сайтының «Жария талқылау» айдарында таныса алады. Бастамашы: «Алматы қаласы экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы» КММ, Тел.: 8 727 262-16-13, e-mail: almaty@gov.kz Жобалау ұйымы: ЖК «Бейсенқұлов М», тел.: 8 777 3910235, e-mail: murat_eco@mail.ru Бірыңғай экологиялық порталдың сайтында өз пікірлеріңізді, ұсыныстарыңызды білдіріп, сұрақтарыңызды қоюларыңызға болады: <https://ecoorportal.kz/>.

5. «Ломбард Auto money (АВТО мани)» ЖШС, БСН 180840014955, орналасқан жерінің жаңа мекенжайы туралы хабарлайды: 50016, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Райымбек даңғылы, 217 үй.

11. Қостанай қаласы, Чехов көшесі, 106 үй, 79 пәтер мекенжайында тұратын Азизова Сайлаубике Қазбаевнаның арызы бойынша Қостанай қалалық соты, 25.09.1948 ж.т., ұлты татар, Ресей Федерациясы, Тула облысы, Тула қаласының тумасы, соңғы тұрған жері ҚР, Қостанай қаласы, Азизов Фетахидин Ахметовичті қайтыс болды деп тану туралы азаматтық іс қозғады. Ф.А. Азизовтың орналасқан жері туралы мәліметтері бар тұлғалардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72, мекенжайындағы қалалық сотқа хабарласуларын сұраймыз.

7. Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Еңлікүл көшесі, 2 үй мекенжайы бойынша тұратын Юсупов Теипжан Алимжановичтан, 20.05.2017 жылы жоғалып кеткен, жоғалу кезінде жұмысыз болған, 24.02.1992 жылы туған, Алматы қаласының тұрғыны Юсупова Нұржамал Нұрланқызын хабарсыз кетті немесе қайтыс болды деп тану туралы арызбен Алматы қаласы Жетісу аудандық сотына жүгінді. Юсупова Нұржамал Нұрланқызының жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдарға жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Алматы қаласы, Сейфуллин даңғылы, №286, телефон 8 775 939 18 77 мекенжайы бойынша Алматы қаласы Жетісу аудандық сотына хабарласуды сұраймыз.

ТАРАТУ

4. Қостанай облысының әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Токанай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 021140001027, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Жаркөл ауылдық округі, Токанай ауылы, Токанай көшесі, 13 ғимарат, Қостанай облысының әкімдігінің 2022 жылғы 28 маусымдағы №283 қаулысы негізінде Қостанай облысының әкімдігі білім басқармасының «Жангелдин ауданы білім бөлімінің Токанай бастауыш мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Торғай ауылы, Ыбырай Алтынсарин көшесі, 4 ғимарат, пошталық индексі 110600. Анықтама телефоны: 871439-21162, 21050, 21456, 87029358999.

6. «ААА саплай» ЖШС, БСН 211040019640, таратылғаны туралы хабарлайды. Оның әрі қарайғы қызметіне коммерциялық мүддесін жоғалтуға байланысты таратылды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Атырау облысы, Атырау қаласы, Ақсай ауылы, №20 көшесі, 22 үй, тел.: +7 (778) 028-94-94.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупиская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-att@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

9. Қарағанды облысы білім басқармасының Абай ауданы білім бөлімінің «Айгөлек» мектеп-бөбекжай кешені) коммуналдық мемлекеттік мекемесі өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Қарағанды облысы, Абай қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 43 құрылыс мекенжайы бойынша екі ай ішінде қабылданады.

12. «ФЕА ГРУП» ЖШС, БСН 170140023045 (Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Кенесары көшесі, 44 үй, 42 пәтер), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Мәңгілік Ел көшесі, 53-129. Тел.: 87772155747.

13. «Темірше Сарыбайұлы» қоғамдық қоры, БСН 160240012587, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда обл., Жалағаш ауданы, Мырзабай ахун ауылы, Мәдениет көшесі, 21 үй. Тел.: 87769930207.

14. «Dostar Standard Project» ЖШС, БСН 210640003188, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Жамбыл облысы, Жамбыл ауданы, Аса ауылдық округі, Аса ауылы, Әбілек Бегманов көшесі, 1 үй, индекс 080200. Тел.: 8705288377.

МҰРАҒЕРЛІК

8. 2022 жылы 22 қыркүйекте қайтыс болған аз.Харчева Татьяна Ивановнаның атына мұралық іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін Атырау қаласы, Авангард-3 ықшамауданы, 75 үй, 5 кенсе мекенжайы бойынша нотариус А.А. Амандыковаға хабарласуларын сұраймыз.

10. 16.04.2022 ж. қайтыс болған аз.Оспанқұлов Жұманазар Әміршеұлына қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Панырақ» сауда орталығы мекенжайында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-2268-13.

ЖК «Reklam Servise», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татыяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

